



Посольство
Великобритании
Астана



LPRC ҚҰҚЫҚТЫҚ САЯСАТТЫ
ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАПТАУ, ЗОРЛЫҚ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ҚИНАУ ОҚИҒАЛАРЫН ЗЕРТТЕУ БОЙЫНША ТӘУЕЛСІЗ МЕХАНИЗМДІ ДАМУ

Сарапшылық қорытынды

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАПТАУ, ЗОРЛЫҚ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ
ҚИНАУ ОҚИҒАЛАРЫН ЗЕРТТЕУ БОЙЫНША ТӘУЕЛСІЗ
МЕХАНИЗМДІ ДАМУ**

Сарапшылық қорытынды

Алматы, 2013



**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАПТАУ, ЗОРЛЫҚ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ҚИНАУ
ОҚИҒАЛАРЫН ЗЕРТТЕУ БОЙЫНША ТӘУЕЛСІЗ МЕХАНИЗМДІ
ДАМУ ТУ СARAПШЫЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ – Алматы, 2013, - 37 Б.**



Посольство
Великобритании
Астана

Осы сарапшылық қорытынды Қазақстанда Ұлыбританияның елшілігі қаржылық қолдауымен дайындалған. Жариялаудың материалдары Қазақстанда Ұлыбританияның елшілігі ресми пікірлерді міндетті емес бейнелеп көрсетеді.

© Центр Исследования правовой политики, 2013

СОДЕРЖАНИЕ

| | |
|---|----|
| РАЗВИТИЕ НЕЗАВИСИМОГО МЕХАНИЗМА ПО РАССЛЕДОВАНИЮ СЛУЧАЕВ ПЫТОК В КАЗАХСТАНЕ Экспертное заключение | 4 |
| ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАПТАУ, ЗОРЛЫҚ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ҚИНАУ ОҚИҒАЛАРЫН ЗЕРТТЕУ БОЙЫНША ТӘУЕЛСІЗ МЕХАНИЗМДІ ДАМУ Сарапшылық қорытынды | 37 |

СВАНИДЗЕ Эрик,
«Мейірімсіз қарым-қатынаспен және жазасыздықпен күресті күшейту»
атты Еуропалық Одақтың және Еуропа Кеңесінің
бірлескен аймақтық жобасының жетекші кеңесшісі,
Азаптаудың және адамгершілікке жатпайтын және
ар-намысты кемсітетін қарым-қатынастың және
жазалаудың басқа түрлерінің алдын алу жөніндегі
Еуропалық комитеттің сарапшысы (бұрынғы мүшесі)

Қазақстандағы азаптау, зорлық көрсету және қинау оқиғаларын зерттеу
бойынша тәуелсіз механизмді дамыту
Сарапшылық қорытынды¹

Қорытындыда қолданылған халықаралық органдардың немесе құжаттардың

атаулары мен қысқартылған сөздер

| | |
|----------------------------------|--|
| ААЕК | Адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жөніндегі Еуропалық Комитет |
| АҚЕК | Адам құқығы мен негізгі бостандықтарын қорғау бойынша Еуропалық Конвенция |
| АҚЕС | Адам Құқықтары жөніндегі Еуропалық Сот |
| АҚЖК | БҰҰ адам құқықтары жөніндегі Комитеті |
| АҚК | БҰҰ азаптауға қарсы Комитеті |
| АҚЕКК | Адам құқықтары бойынша Еуропа Кеңесінің Комиссары |
| ПЭАТО | Полиция әрекеттеріне қатысты арыздар бойынша тәуелсіз орган |
| БҰҰ | Біріккен Ұлттар Ұйымы |
| Пакт | Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі Халықаралық пакт |
| Стамбұлдық хаттама | Адамды қинау, зорлық-зомбылық көрсету, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлерін тиімді зерттеу және құжаттау бойынша Нұсқаулық |
| Азаптауға қарсы Конвенция | БҰҰ қинау, зорлық-зомбылық көрсету, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы Конвенциясы |
| Факультативтік хаттама | БҰҰ қинау, зорлық-зомбылық көрсету, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы Конвенциясына жасалған Факультативтік хаттама |

¹ Осы сарапшылық қорытынды Қазақстанда Ұлыбританияның елшілігі қаржылық қолдауымен дайындалған. Жариялаудың материалдары Қазақстанда Ұлыбританияның елшілігі ресми пікірлерді міндетті емес бейнелеп көрсетеді.

Кіріспе

Қинау, зорлық-зомбылық көрсету, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қатаң тыйым салу² үшін осындай қатаң тәртіп бұзылатын жерлердегі жазасыздықпен күресуді айқын түрде талап етеді. Бүгінгі таңдағы жазасыздық айғақтарының алаңдатуы халықаралық құқық қорғау құрылымдарына арыздардың көптеп түсуіне негізделген, оларда мемлекеттің тиісті өзде азаптау мен зорлық-зомбылыққа қарсы өзінің позитивтік міндеттемелерін орындауға қабілетсіздігі көрсетіледі, соның ішінде қиянат жасауға жауапты тұлғаларды анықтау және жауапқа тарту бойынша міндетті үрдістердің атқарылмайтындығы да бар.

БҰҰ азаптау мен зорлық-зомбылыққа қарсы Комитеті, арнайы баянамашысы және басқа да органдары мен механизмдері, адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот баяндамалар мен түрлі істер бойынша көп жылдар бойы осы салада стандарттардың қалыптасқан түрінің бар екендігіне қарамастан мемлекетке қарсы қорытындылар, пікірлер мен шешімдерді көптеп енгізуді жалғастырып келеді.

Осы қорытынды Ұлыбританияның Астанадағы елшілігінің грантына «Құқықтық саясатты зерттеу орталығы» қоғамдық қоры жүзеге асыратын «Integrating safeguards against torture in the law and practice of Kazakhstan» (Ұлыбритания СІМ Жобасы – 013) жоба төңірегінде дайындалы. Қорытындыны арнайы шақырылған сарапшы Э. Сванидзе³ мырза заңнамаларды талдау негізінде, сондай-ақ осы қатынаста Қазақстанда қалыптасқан, соған қоса БҰҰ тиісті органдары мен механизмдерінің құжаттарында көрсетілген тәжірибені (кезеңдік жан-жақты шолу тобының баяндамалары, азаптауға қарсы Комитеттің қорытынды түсініктемелері мен юриспруденциялары және т.б.), республикада әрекет ететін кейбір қорғаушылар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерін талдай отырып жасады.

Қорытындыға осы мәселеге қатысты халықаралық стандарттарға жасалған шолу мен үздік тәжірибе де, зерттеліп отырған мәселе бойынша Қазақстан Республикасының заңнамаларын реформалау бойынша ұсыныстар мен пікірлер жиынтығы да кіреді. Халықаралық нормалар мен стандарттарды мазмұндау барысында қорытынды ең алдымен БҰҰ деңгейінде әзірленген әмбебап халықаралық стандарттарға негізделген, соның ішінде 1984 жылғы азаптауға қарсы Конвенцияның 2 және 16-баптарында мазмұндалған жалпы сипаттағы позитивтік міндеттемелер де бар, аталған міндеттемелерге сай мемлекет азаптау әрекеттерінің алдын алуға бағытталған және азаптауға, зорлық-зомбылыққа, қиянат жасаудың және жазалаудың басқа түрлеріне қарсы тиімді заңнамалық, әкімшілік, сот және басқа да шараларды атқаруға міндетті, қарастырылып отырған тақырып бойынша міндеттемелер 13-бапта қарастырылған және онда былай делінген:

Әр қатысушы мемлекет осы Мемлекеттің юрисдикциясындағы территорияның кез-келген жерінде зорлық-зомбылық көргендігін білдірген кез-келген тұлғаға осы Мемлекеттің құзырлы билік органдарына арыз-шағым жасау құқығын қамтамасыз етеді және олардың осындай арыздарды жедел арада әрі әділ қарастыруына кепілдік береді. Шағым түсіруші мен куәгерлерді қиянат жасаудың кез-келген түрінен немесе оның арызына, болмаса куәгерлердің түсініктеріне байланысты қорқытудан қорғауды қамтамасыз ету үшін шаралар қолданылады.

² Әрі қарай мәтін бойынша «қиянат жасау» ұғымына біріктірілген.

³ Э. Сванидзе мырза – Еуропалық одақ пен Еуропалық кеңестің аймақтық «Қиянат жасаумен және жазасыздықпен күресті үдету» бірлескен жобасының үздік кеңесшісі, Қинау, зорлық-зомбылық көрсету, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жөніндегі Еуропалық комитеттің сарапшысы (бұрынғы мүшесі).

Бұл қорытынды Стамбұлдық хаттамада; АҚК №2 жалпы сипаттағы «қатысушы мемлекеттердің 2-бапты имплементациялауы» (2007)⁴ түсініктемесінде, №3 «қатысушы мемлекеттердің 14-бапты имплементациялауы» (2012)⁵ түсініктемесінде, оның қорытынды түсініктемелерінде, юриспруденциясында қарастырылған адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлерін тиімді зерттеу және құжаттау Қағидаттарында ұсынылған талаптар мен стандарттарға негізделген, атап айтқанда Герасимовтың Қазақстан Республикасына қарсы қабылдаған шешіміне⁶ және БҰҰ сәйкес органдары мен механизмдерінің басқа да мәтіндеріне және құжаттарына негізделген.

Соған қоса, халықаралық стандарттар неғұрлым түсінікті және көрнекі түрде АҚЕК, басқа да Еуропалық құралдарда, сондай-ақ АҚЕС, ААЕК юриспруденцияларында, Еуропалық Кеңестің басқа органдары мен механизмдерінің мәтіндері мен құжаттарында көрсетілген. Еуропалық құралдардың да, әмбебап құралдардың да бір-бірін өзара толықтырып отыратындығын, ал сәйкес органдардың өзара әрекетте оған жүгінетіндігін ескере отырып осы қорытынды белгілі амалға негізделді, ол амалға сай біріншісі Қазақстан Республикасы үшін заңдық тұрғыдан алғанда міндетті болып табылмайды, оны екіншісін талдау мен түсіндіру үшін негіз ретінде пайдалану керек, демек, адам құқықтарының басшылыққа алынатын әмбебап стандарты ретінде қарастырылады. Сонымен қатар Еуропалық әдістер үздік әлемдік тәжірибе үлгісі болып саналады, мұны Қазақстанның ескергені абзал әрі пайдалы.

Қорытындыда азаптау мен зорлық – зомбылыққа, қиянат жасаудың басқа да түрлеріне тыйым салудан туындайтын үрдістік және сыбайлас міндеттемелерге басты назар аударылған, бірақ олар адамның басқа да құқықтарын қорғау саласы бойынша релевантты, мысалы, өмір сүру құқығы, тіпті адам құқықтарының басқаша бұзылуын қарастыру және зерттеу бойынша мемлекет ішілік механизмді қалыптастыруда толық талқыланған.

1. Азаптауға, зорлық зомбылық пен қинауға тыйым салатын заңнамалық қор

• Негізгі халықаралық стандарттар

1. Зорлық-зомбылық пен қиянат жасауға тыйым салатын мемлекет ішілік айқын заңнамалық қордың болуы, бұл жағдайда оған ең алдымен зорлық-зомбылық пен қиянат жасаудың басқа ауыр түрлерінің (әдетте қастықпен жасалатын) фокусталған криминалдануы негізінде қол жеткізіледі.

2. Жан-жақты мемлекет аралық деңгейде мемлекеттің міндеттемелерінің тиісті аспектері №2 жалпы сипаттағы «қатысушы мемлекеттердің 2-бапты имплементациялауы» (2007)⁷ Түсініктемесінде неғұрлым көрнекі түрде біріктірілген. Оларға мемлекеттің қиянат жасауды өзінің қылмыстық құқығына сай қылмыс деп тануға міндетті екендігі көрсетілген, кемінде азаптауға қарсы конвенцияның 1-бабында және 4-баптың түсініктемесінде қарастырылған азаптауды анықтау элементтеріне жүгінуі керек.⁸

Осыған қатысты бірқатар жағдайлар анықталады, атап айтқанда:

⁴ CAT/C/GC/2.

⁵ CAT/C/GC/3.

⁶ CAT/C/48/D/433/2010. «10» шілдедегі, 2012 жылғы шешім.

⁷ CAT/C/GC/2.

⁸ Аталған түсініктемелердің 8-параграфын қараңыз.

- Конвенцияда мазмұндалған анықтама мен ішкі құқыққа қосылған анықтама арасындағы айтарлықтай өзгешеліктер жазасыздыққа нақты немесе ықтимал ойықтар ашады.⁹

- Қиянат жасау ауыртпашылық деңгейі мен зардап шегу деңгейі бойынша ерекшеленуі мүмкін және қасқана ойдың орынсыздығын дәлелдеуді талап етпейді. Комитет қиянат жасау ретінде танылатын әрекеттерге байланысты заңдық қудалауды қолға алу, аталған әрекеттерде азаптау мен зорлық-зомбылық көрсету элементтері болса Конвенцияны¹⁰ бұзу болып табылатындығын атап көрсеткен.

- Кәдімгі қасақана әрекеттер мен басқа да қылмыс түрлерінен өзгеше болып келетін қиянат жасау, зорлық-зомбылық көрсету түріндегі қылмысты анықтай отырып Комитет қатысушы мемлекеттердің Конвенцияның жалпылай қамту мақсатын – азаптау мен зорлық-зомбылық көрсетудің алдын алуды кеңейтетін болады деген тұжырымға сүйеніп отыр. Аталған қылмыстың белгіленуі мен анықтамасы Конвенцияның мақсатының орындалуына ықпал етеді, атап айтсақ, қылмыскерлерді, қылмыс құрбандары мен қоғам мүшелерін қоса ала отырып әр адамның нацзарын қиянат жасау түріндегі қылмыстың аса ауыр екендігіне назары аударылады. Бұл қылмыстық кодталуы да: а) жасалған қылмыстың ауырлығына байланысты тиісті жазаның керектігін анықтайды, б) тыйым салу ықпал етуін үдетеді, с) жауапты лауазымды тұлғалардың қиянат жасау түріндегі нақты қылмыстарды бақылау бойынша мүмкіндіктерін арттырады және d) қоғамды бақылау жасау құралдарымен және құқықтарымен қамтамасыз етеді, керек жағдайда мемлекеттің Конвенцияны бұзатын әрекеттері мен әрекетсіздігіне қатысты шағымдану құқығын береді. Амнистия және кешірім жасау «қабылданған нормалардан бас тартуға болмайтын қағидатты бұзады».¹¹

3. Еуропалық стандарттар, атап айтқанда АҚЕС юриспруденциясы осындай ойға қосыла отырып, олардың қосымша сипаттамаларының анықталуының керектігін көрсетеді.

Негізінен Падурецтің Молдовияға қарсы ісі бойынша шешімде АҚЕК қиянат жасаудың Молдавияда «ауырлығы орташа қылмыс» ретінде танылатындығына басты назар аударды, бұл осы қылымыс түрін неғұрлым ауыр қылмыстардан ажыратуға мүмкіндік береді, осылайша неғұрлым жұмсақ үкім шығарылады. Мұндай ұстаным Конвенцияның 3-бабынан туындайтын міндеттемелерге қарама-қайшы (қиянат жасауға тыйым салу туралы), себебі онда қиянат жасау сияқты қылмыстың аса ауыр қылмыс ретінде танылатындығы көрсетілген.¹²

Мемлекеттің өкілетті тұлғасына азаптау мен қиянат жасауға байланысты айып тағылатын джағдайларда «тиімді қорғаныс құралын» қамтамасыз ету мақсатында қылмыстық іс өндірісіне және үкімге қатысты ескіру мерзімінің қолданылмауы керек, ал амнистия және кешірім жасауға жол берілмеуі тиіс.¹³

Қылмыстық заңнаманы қатаң және әділ қолдану жолымен қиянат жасаудың алдын алу бойынша міндеттемелердің тиісті баяндалымдарына сай оларға әрекеттің тиісті түрді анықталуының қажеттілігі ғана емес, соған қоса диспозициясы азаптаудың немесе қиянат жасаудың криминалдануына меңзейтін баптар бойынша анықталуының және тиісті жаза тағайындаудың қажеттілігі жатады.¹⁴

⁹ Аталған түсініктемелердің 9-параграфын қараңыз.

¹⁰ Аталған түсініктемелердің 10-параграфын қараңыз.

¹¹ Аталған түсініктемелердің 5-параграфы.

¹² АҚЕС «5» қаңтардағы, 2010 жылғы шешімі, 77-параграф.

¹³ Яман Түркияға қарсы, АҚЕС «2» қарашадағы 2004 жылғы шешімі, 55-параграф.

¹⁴ Осылайша Валерию және Николай Рошкалардың Молдовияға қарсы ісінде (АҚЕС «20» қазандағы, 2009 жылғы шешімі, 73-74-параграфтар) полиция қызметкерлерінің әрекеттерінің азаптау, зорлық-зомбылық жасау деп танылуының орнына қызмет бабы мен билікті асыра пайдаланғандығы үшін ғана

4. Қиянат жасауға қарсы кепілдіктердің бұзылуына қатысты неғұрлым кісі құқық бұзушылақтар үшін тәртіптік, әкімшілік және/ немесе азаматтық-құқықтық жауапкершілікке тарту керек.¹⁵

• **Қазақстандағы азаптауға, зорлық-зомбылыққа және қиянат жасаудың басқа да түрлеріне тыйым салу мен криминалдау**

5. Қазақстан Республикасының Конституциясында тиісті құқықтың жалпы халықаралық-құқықтық анықталымына сай келетін норма (17-баптың 2-бөлімі) қарастырылған. Онда былай делінген: ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды.

Конституциялық норманың азаптауды да, басқа да қатыгездік пен қиянатты да қамтитындығын атап айту керек. Соған қоса «жәбірлеу» терминінің қосылуын қосымша, мемлекет ішілік (ұғымды кеңейтеді, сондықтан қолданысы орынды) анықтаушы ұғым ретінде тану керек.

6. БҰҰ азаптау, зорлық-зомбылық көрсету, жәбірлеу мәселелері жөніндегі арнайы баяндамашысы 2009 жылғы қызметтік сапары аяқталғаннан кейін Қазақстанға жәбірлеудің ауыр қылмыс ретінде танылуын қамтамасыз ету үшін және оған тиісті жазаны тағайындау үшін заңнамаларға өзгертулер енгізуді ұсынды, сондай-ақ азаптау, зорлық-зомбылық пен жәбір көрсету анықтамасын азаптауға қарсы Конвенцияда мазмұндалған анықтамаға сәйкестендіруді меңзеді.¹⁶

7. Қазақстанның екінші кезеңдік баяндамасын талқылау нәтижелері бойынша 2008 жылы АҚК жәбірлеудің конвенцияда көрсетілген анықтамасын мемлекеттің заңнамасына енгізуге арналған жаңа заңды күшіне ендіруге бағытталған әрекеттерді ескерсе де бұрынғыша алаңдатушылық білдірді, себебі Қылмыстық кодекстің 347-1 –бабында көрсетілген анықтамада Конвенцияның 1-бабында көрсетілген барлық элементтер қарастырылмаған, «лауазымды тұлғалардың» жәбірлеу әрекеттеріне тыйым салу тәжірибесін шектейді және «ресми түрде әрекет ететін басқа да тұлғалардың» әрекеттерін қамтымайды, соның ішінде лауазымды тұлғаның азғырумен, келісімімен немесе үнсіз келісімімен жасалатын әрекеттер де бар.¹⁷

Сонымен қатар Комитет Қылмыстық кодекстің 347-1 – бабына сай шығарылатын үкімдердің Конвенция талап еткендей (4-бап) азаптау, жәбірлеу болып танылатын қылмыстардың ауырлық деңгейіне сай еместігіне қатысты наразылық білдірді. Сондай-ақ Комитет жәбірлеудің криминалдануына қарамастан 2002 жылы Қылмыстық кодекстің жекелеген баптары төңірегінде құқық қорғау органдарының қызметкерлері оларға қарсы қылмыстық қудалау бойынша істің қозғалуы барысында айыпты бұрынғыдай Қылмыстық кодекстің 308 және 347-баптарына сай талқылайтындығына ("Билікті немесе қызмет бабын асыра пайдалану" немесе "Түсінік беруге мәжбүрлеу") (7-бап) алаңдаушылық білдірді.¹⁸

сотталған. Қылмысты ауырлататын жағдайлар ескерілмеген және полиция қызметкерлері шартты мерзімге сотталған. Соған қоса олар қызметтік міндеттемелерді орындаудан шеттетілмеген.

¹⁵ Еуропалық соттың «24» мамырдағы 2007 жылғы "Зелилоф Грецияға қарсы" ісін қараңыз, N 17060/03 арыз, 58-т. АҚК қызметі туралы 14-жалпы есеп, СРТ/Inf (2004) 28, 27-тармақ.

¹⁶ A/HRC/13/39/Add.3, 80-параграф.

¹⁷ CAT/C/KAZ/CO/2, 6-параграф.

¹⁸ CAT/C/KAZ/CO/2, 17-18-параграфтар.

8. Қазақстан Республикасының ҚК тиісті өзгертулердің енгізілуінің өте орынды екендігі айдан анық. Кодекстің 141-1 бабында азаптауға қарсы Конвенцияда қарастырылған азаптау анықтамасының негізгі элементтері қарастырылған.

Соған қоса оның бұрынғыдай, жоғарыда аталған стандарттарға көптеген тұстарының сай еместігін мойындау керек, мәселен:

- атап көрсетілгендей, жәбірлеу субъектісіне ресми түрде әрекет ететін басқа тұлға жатпайды, демек аясына құқық қорғау орындарының қатардағы қызметкерлері мен басқа да тұлғалары енетін лауазымды тұлғалармен шектелген;

- субъект ретінде тергеушіні және анықтау әрекеттерін жүзеге асыратын тұлғаны тану жәбірлеу мемлекет өкілдерінің қатысы бар кез-келген құқық қорғау және басқа сала (қоғамдық тәртіпті сақтау және т.б.) өкілдерінің заңсыз әрекеті емес, тек қылмысты ашу және тергеу төңірегінде жасалған әрекеттер ғана деген теріс ұғым қалыптастыруы мүмкін;

- қылмыстардың жіктелуіне сүйенсек (ҚК 10-бабы) жәбірлеудің ауырлататын жағдайларсыз ауырлығы орташа қылмыстар қатарына жатқызылғандығы белгілі, бұл аталған қылмыстық халықаралық бағаланымына сай келмейді, халықаралық бағалау бойынша қылымыстың бұл түрі неғұрлым ауыр қылмыстардың бір түрі ретінде танылады (зардап шегушіге келтірілген нұқсан дәрежесіне және 141-баптың 2 және 3 бөлімдерінде қарастырылған басқа жағдайлардың болуына қарамастан);

- халықаралық тәжірибеге сүйенетін болсақ жәбірлеу үшін айыппұл салу немесе жазаның басқа да жеңіл түрлерін тағайындау бұл қылмыстың нақты ауырлық деңгейіне сай емес, тұтас алғанда осы баптың 1-бөлімінде қарастырылған санкцияның басқа да қылмыстар үшін тағайындалатын жаза көлемімен салыстырмасы мемлекеттің осындай әрекеттердің жәбірлеу болып саналатындығын толық бағалай алмағандығын білдіреді.

Соңғы екі тармаққа тән мысал ретінде жақында үш полиция қызметкерлеріне қатысты қылмыстық істің Сарыағаш ауданының сотында қаралу нәтижелері туралы ақпаратты (17.01.2013 жылғы дерек) айтуға болады. Екі аумақтық қызметкерлер және бір АІБ қызметкері бірнеше сағат бойы 22 жасар жәбірленушіден түсінік беруді талап еткен, шоқпармен ұрып, газға қарсы жабдықты басына кигізіп, электрошокер қолданған. Айыптылар 3 және 2,5 жылға бас бостандықтарынан айырылды.¹⁹

9. Қазақстанның Қылмыстық кодексі жеке және арнайы тұрғыда қинаудың, зорлық-зомбылықтың, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлерінің басқа үлгілерін оларға халықаралық құқықтық тыйым салынғандығына сай криминалдамаған, оларға кемінде мемлекет өкілдерінің немесе оған басқа да қатысы бар тұлғалардың қастандықпен жасалатын әрекеттері жатады.

10. Қылмыстық Кодекстің 2013 жылдың «10» қаңтар күйіндегі жобасына жасалған талықлаулар 141-1 батының нөмірінің 145-бапқа өзгертілгендігінен басқа азаптауға, жәбірлеуге немесе қиянат жасауға қатысты еш өзгерістердің енгізілмегендігін көрсетті.

11. Жәбірлеуді криминалдаудың кейбір аспектітері Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының 2009 жылдың «28» желтоқсанындағы №7 Нормативтік Қаулысында көрсетіліп, біршама кеңейтілді – «Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы

¹⁹ www.tv7.kz/ru/news/show/2143

мәселелер жөніндегі нормаларын қолдану туралы».²⁰ Атап айтсақ ол жәбірлеу үшін жауапкершілікті қарастыратын бапты кеңейткен және ерекше спатын мазмұндаған, қызметтік қылмыстардың жалпы сипаттағы әрекеттерден жеке талдаудың қажет еместігі айтылған.

12. Соған қоса жоба төңірегінде сауалнама жасалған кейбір қорғаушылардың билікті немесе қызмет баббын асыра пайдалану немесе жалпы қылмыстық қылмыстардың бас да құрамдарының жәбірлеу ұғымына қатысты әрекет екендігін анықтау тәжірибесінің өте ұзаққа созылатындығын көрсетті.

13. Қазақстан Республикасының ҚІК материалдық түрден басқа қиянат жасаудың басқа да түрлерін қарастырады, мәселен, 14-баптың 5-бөлімінде ешкімді жәбірлеуге немесе қадір-қасиетін қорлайтын әрекет жасауға болмайды делінген. Ал осы нормаға белгісіз себептерге байланысты азаптау, зорлық-зомбылық жасау қосылмаған.

14. ҚІК басқа нормаларында керісінше, зорлық-зомбылық пен азаптауға ғана басты назар аударылған, ал қиянат жасау мен жәбірлеудің басқа түрлері қарастырылмаған. Негізінен ҚІК жәбір көрсету арқылы алынған түсініктің қолданылмайтындығына қатысты халықаралық талаптарға сай жетілдірілсе де (116-баптың 1.1-тармағы) және жәбірленуі, зорлық-зомбылыққа ұшырауы мүмкін деп танылатын тұлғаларды беруден бас тартуды қарастырса да (532-баптың 1.5-тармақшасы) дәл сол стандарттарға қарамастан қадір-қасиетін нұқсан келтіру, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлері ретінде танылмаған.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының 2009 жылдың «28» желтоқсанындағы №7 Нормативтік Қаулысы қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлері ұғымына сүйенгенмен заңнамалық қордың болмауы салдарынан дәлелдеме мен беру мәселесін шешу үшін релеванттылығы шектеулі.

15. Қатыгез әрекеттердің басқа да түрлері ҚР Қылмыстық-атқару Кодексінің 10-бабында қарастырылған. Халықаралық стандарттардың жалпыға бірдей превентивтік әдіске бөлетін басты назарына қарамастан осындай тақырып бойынша маңызы бар басқа нормативтік кесімдерде, мысалы: Құқық қорғау Қызметі туралы Заңда, Ішкі Істер Органдары туралы Заңда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметкерлерінің ар-намыс Кодексінде (мемлекет қызметкерлерінің қызметтік этика ережелері), Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметкерлерінің ар-намыс Кодексінде (Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметкерлерінің қызметтік этика ережелері) тек қатыгез әрекеттер ғана емес, азаптау мен зорлық-зомбылық та қарастырылмаған. Олар жеке тұлғалардың құқықтарының сипатымен ғана шектелген, аталған құқық бұзушылықтарды қамтыса да, қатыгез әрекеттер мен жәбірлеуге қатысты тиісті түрдегі превентивтік айқындамасы жоқ. Сонымен қоса қатыгез әрекеттер мен жәбірлеуге қатысты құқық бұзушылықтар үшін айыпты тұлғаларға тәртіптік және қылмыстық емес сипаттағы басқа шаралар қолданудың қиындауын (жәбірлеуге-азаптауға қарсы кепілдіктерді сақтамау және т.б.) ушықтыруы мүмкін.

16. Жоғарыда мазмұндалған жағдайларға назар аударып отырып заңнамалық қорды жетілдіру мақсатында және жәбірлеу мен қатыгез әрекеттердің басқа түрлеріне қарсы тиімді күресті қамтамасыз ету мақсатында төмендегі ұсынымдарды ескерген абзал:

- Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексіне жәбірлеу, зорлық-зомбылық үшін, сондай-ақ қылмысты ашу мен тергеу барысында болатын әрекеттер ғана емес, кез-келген құқық қорғау немесе басқа қызмет барысындағы әрекеттер үшін, мемлекет өкілдерінің қатысы бар басқа салаларда орын алған әрекеттер үшін де жауапкершілікті

²⁰ Әрі қарай мәтін бойынша – Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының 2009 жылдың «29» желтоқсанындағы №7 Нормативтік Қаулысы.

қарастыратын баптың диспозициясын лауазымды тұлғаларға ғана емес, соған қоса басқа ресми түрде әрекет ететін тұлғаға қатысты болуын қамтамасыз ету үшін өзгертулер енгізу;

- Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексіне азаптау үшін қарастырылған санкция мен осы қылмыстың дәрежесін халықаралық құқықтық бағалауға сәйкестеу үшін өзгертулер енгізу;

- Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексіне қатыгез әрекеттердің басқа да түрлерін сәйкесінше криминалдау үшін өзгертулер енгізу;

- тиісті әрекеттердің жіктелуін лауазымдық қылмыс пен жалпы сипаттағы басқа қылмыс бойынша жауапкершілікті емес, азаптау мен қатыгез әрекеттер үшін жауапкершілікті қарастыратын баптарда бірдей болуын қамтамасыз ету мақсатында құқықты қолдану (сот) тәжірибесін жетілдіру шараларын атқаруды жалғастыру;

- қылмыстық іс жүргізу және басқа да тиісті заңнамаларды (Құқық қорғау қызметі туралы Заң, Ішкі істер Органдары туралы Заң және т.б.) азаптау мен қатыгез әрекеттерге тыйым салу анықтамасын халықаралық құқықтық және басқа да конституциялық құқық анықтамаларына сай ететіндей толықтыру.

2. Азаптауға, зорлық-зомбылыққа және қинауға қарсы кепілдіктер

• Негізгі халықаралық стандарттар

17. Бас бостандығынан айырылған тұлғалардың немесе құқық қорғау қызметтерін жүзеге асыру барысында немесе мемлекет органдарының (өкілдерінің) басқа да мәжбүрлі шараларды орындауы барысын өз құқытарын жүзеге асыру мүмкіндіктері шектелгендердің осалдығына байланысты адам құқықтары жөніндегі халықаралық құқықтарға азаптау мен зорлық-зомбылыққа ұшырауы мүмкін тұлғаларды ұстау жолымен азаптауға қарсы кепілдіктерді қамтамасыз ету²¹ қарастырылған, егер аталған құқық бұзушылықтар орын алатын болса олардың тиімді тергелуі де халықаралық адам құқықтары мәселелерінде қарастырылған. Тергеу амалдарының тиісті түрде болуына осындай кепілдіктердің қажеттілігіне қатысты стандарт ретінде қалыптасқан АҚЕС мынадай постулаты тән:

“ . . . жәбірленушіге полиция қамауында болғанда көрген зорлық-зомбылықтарына қатысты өзінің арыз-шағымдарын жеткізу өте қиын, егер мұндай жәбірленуші немесе зардап шегуші сырт әлемнен оқшауланған болса және жәбірленушіні қолдай алатын және қажетті дәйектемелерді жинақтауға жәрдем бере алатын дәрігермен, қорғаушымен, туған-туыстарымен және достарымен қарым-қатынас мүмкіндіктерінен айырылған болса. . . ”²²

18. АҚК сай мұндай кепілдіктерге қамаудағы тұлғалардың ресми тіркемесін жүргізу, қамаудағы тұлғалардың өздерінің құқықтары туралы ақпараттануына қатысты құқықтарын қамтамасыз ету, тәуелсіз заңгерлік жәрдемді жедел түрде алу құқығы және тәуелсіз медициналық көмек алу құқығын, туған-туыстарымен байланыста болу құқығы, қамауда ұстау және бас бостандығынан алу орындарын аралу және инспекциялау үшін риясыз механизмдердің болу, қамаудағы тұлғалардың немесе азаптауға немесе зорлық-зомбылыққа ұшырау қауіпі төнген тұлғалардың арыздарының дер кезінде және әділ түрде қаралу, құқықтарының қорғалуын және қамауға алудың заңдылығын немесе өзіне қатысты қарым-

²¹ ЕАҚК қызметі туралы алтыншы жалпы есеп, СРТ/Inf (96) 21, 15-тармақ. Сондай-ақ ЕАҚК қызметі туралы 2- жалпы есепті қараңыз, СРТ/Inf (92) 3, 36-тармақ.

²² Маммадов (Жалалоглу) Әзірбайжанға қарсы, «11» қаңтар 2007 жылғы шешім, 74-тармақ.

қатынастың заңдылығын даулау-дәлелдеуді қамтамасыз ететін құқықтық қорғау кепілдіктерінің соттың және басқа да құралдарына қол жетімді болуын қамтамасыз ету жатады.

19. Әр түрлі әмбебап және аймақтық халықаралық құқықтық құралдарда қарастырылған осындай кепілдіктердің жиынтығы бір-біріне ұқсас келеді. Аздаған кейбір айырмашылықтар мәтіндердің ерекшеліктеріне ғана байланысты. Соған қоса болуы мүмкін тергеу амалдарының тиімділігі үшін маңызды болып табылатын кепілдіктер құрамы ешқандай қайшы пікірлер мен дау тудырмайды. Бұл (ең алдымен және қоса алғанда) қатыгез әрекеттердің болғандығы туралы барлық шағымдар мен наразылықтардың, басқа да ақпараттардың күзиретті органдарға жөнелтіліп, жеткізілетіндігін қамтамасыз етуге бағытталған кепілдіктер мен шаралар. Бұдан басқа тиісті кепілдіктер қатыгез әрекеттер мен зорлық-зомбылық белгілерін білдіретін медициналық белгілер мен басқа да айғақтарды уақтылы анықтап, тіркеп отыруға бағытталған. Мәнісі бойынша аталған кепілдіктердің тергеу бойынша атқарылатын үрдістерге дейін қолданылатындығын және оған жасалатын өзгертулер мен толықытыруларға тәуелсіз екендігін ескеру маңызды.

20. Бұл кепілдіктерге мынадай талаптар жатады:

- таңдауы бойынша туған-туысына немесе үшінші тұлғаға өзінің ұсталғандығы туралы хабар беру құқығы;²³

- өзінің қарауы бойынша қорғаушыға жүгіну құқығы, ол ақысын өтеу мүмкіндігі жоқ тұлғаларға тиімді заңгерлік көмек көрсету жүйесінің болуын қарастырады, қорғаушымен бетпе-бет сөйлесу, сондай-ақ тергеу барысында қорғаушының қатысуын талап ету құқығы;²⁴

- дәрігер көмөегіне жүгіну құқығы, ол полиция шақыртатын дәрігер атқаратын медициналық қуаландыру және тексеру амалдарына қосымша сот медициналық сарапшыларының әрекеттеріне тең дәрежеде үрдістер орындай алатын, жәбірленушінің өзі таңдайтын дәрігердің тексеру құқығын білдіреді; барлық медициналық тексерулер дәрігер басқа жағдайларды талап етпеген жағдайда полицияның лауазымды тұлғалары немесе қызметкерлердің медицинасына басқа да қатысты бар тұлғалар естімейтін, көрмейтін орында атқарылуы тиіс; нәтижелері тиісті түрде тіркеліп, ресімделеді және жәбірленуші мен оның қорғаушысына беріледі;²⁵

²³ Қандай түрде болмасын ұсталған немесе қамауға алынған тұлғалардың барлығын қорғау қағидаттарының жиынтығын қараңыз, БҰҰ Бас Ассамблеясының 43/173 резолюциясымен қабылданған, «9» желтоқсан, 1988 жыл, 15-қағидат. Шет ел азаматтары үшін оған елшілік мекемелердің мәлімдемелері қосылған.

²⁴ Қандай түрде болмасын ұсталған немесе қамауға алынған тұлғалардың барлығын қорғау қағидаттарының жиынтығын қараңыз, БҰҰ Бас Ассамблеясының 43/173 резолюциясымен қабылданған, «9» желтоқсан, 1988 жыл, 17-18-қағидаттар. Addendum to 2010 Report of the Special Rapporteur on Torture and other Cruel, Inhuman or Degrading Treatment or Punishment, Manfred Nowak, UN. Doc. A/HRC/13/39/Add.5, para. 102. Бұл құқықтың мәртебесі мен санатына қарамастан қамауға алынған барлық тұлғаларға қатысты қолданылуы керек. АҚКП қызметі туралы он екінші жалпы есеп, СРТ/Inf (2002) 15, пункт 41.

²⁵ Қандай түрде болмасын ұсталған немесе қамауға алынған тұлғалардың барлығын қорғау қағидаттарының жиынтығын қараңыз, БҰҰ Бас Ассамблеясының 43/173 резолюциясымен қабылданған, «9» желтоқсан, 1988 жыл, 24-қағидат; *Маммадов (Джалалоглу) Әзірбайжанға қарсы*, АҚЕС «11» қаңтардағы, 2007 жылғы шешімі, № 34445/04 арыз, 74-тармақ. *Мехмет Эрен Түркияға қарсы*, АҚЕС «6» сәуірдегі, 2004 жылғы шешімі, № 21689/93 арыз, 355-тармақ. Сондай-ақ АҚКП Албанияда «23» мамыр мен «3» маусым аралығында болғандығы туралы 2005 жылғы есепті қараңыз, СРТ/Inf (2006) 24, 49-тармақ; АҚКП Грузияда «6» - «18» мамыр аралығында болғандығы туралы 2001 жылғы есепті қараңыз, СРТ/Inf (2002) 14, 30-тармақ; Стамбұлдық хаттаманың 123-тармағы, *Мехмет Эрен Түркияға қарсы*, АҚЕС «6» сәуірдегі, 2004 жылғы шешімі, № 21689/93 арыз, 355-тармақ.

- ұстау әрекетінің тиісті түрде тіркелуін талап ету құқығы, онда толық және нақты ұстау сипаты жазылады және мұндай хаттамаларға жәбірленуші мен оның қорғаушысының қолы жетімді болып табылады,²⁶

- құзырлы органдарға арыздар немесе басқа да жазбаша өтініштер жасау құқығы, сондай-ақ жеке хат алмасуына қол сұқпау ережесі төңірегінде аталған пошталық жөнелтпені (құзырлы органдарға жөнелтілетін) негізсіз кешіктірусіз, жабылған конвертте немесе цензураға жол бермейтін кез-келген басқа жолмен беруді талап ету құқығы;²⁷

- жәбірленушіге түсінікті үлгіде және түсінікті тілде аталған құқықтар туралы ақпарат алу құқығы, аталған құқықтар айқын сипатталған формуляр тапсырылады; ұсталғанға осымен қатар аталған құқықтармен танысқандық туралы қолхат ажзу ұсынылады.²⁸

Аталған құқықтардың бас бостандығынан айырылған уақыттан бастап әрекет етуі керек. Тіпті дәрігер көмегіне жүгінуден аз уақытқа ұстап қалу немесе тұлғаның ұстауда екендігі туралы хабар беру уақытының негізсіз ұзартылуы аталған талаптардың бұзылуы ретінде қарастырылатын болады.²⁹ Соған қоса тергеу-тексеруге қатысты заңды мүдделерді қорғау үшін қатаң тәртіппен анықталған жағдайларда өзінің ұсталуы туралы хабар беруді біршама уақытқа кешіктіруге рұқсат жасалуы мүмкін (бірнеше сағатқа) немесе бас ботсандығынан айырылған тұлғаның қорғаушыға жүгіну құқығын оған басқа қорғаушы ұсына отырып жүзеге асыру мүмкін. Мұндай жағдайлардың нақты анықталған, қатаң шектелген және қосымша кепілдіктерге негізделген болуы керек. Барлық кешіктірулер-кейінге қалдырулар себебін көрсете отырып жазбаша түрде тіркеледі, сондай-ақ оған іске қатысы жоқ полицияның жоғарыдағы лауазымды тұлғасы, сот немесе прокурор рұқсат береді. Аталған себептерге байланысты ұстауға алынған тұлға қалауы бойынша жүгінген медициналық тексерістердің құзырлы орган шақыртқан дәрігердің қатысуымен өткізілінің қажеттілігі туындауы мүмкін.³⁰ Осындай немесе басқа да шектеулер басқа құқықтар үшін қарастырылмаған.

Соған қоса осы мақсаттар үшін:

- прокурорлар және соттар нақты шешімді түрде жеткізілген тұлғалардың қатыгез әрекеттер салдарынан задап шегуі мүмкін екендігін білдіретін ақпараттарға қатысты қарекеттер

²⁶ См. Addendum to 2010 Report of the Special Rapporteur on Torture and other Cruel, Inhuman or Degrading Treatment or Punishment, Manfred Nowak, UN. Doc. A/HRC/13/39/Add.5, para. 84

²⁷ Қандай түрде болмасын ұсталған немесе қамауға алынған тұлғалардың барлығын қорғау қағидаттарының жиынтығын қараңыз, БҰҰ Бас Ассамблеясының 43/173 резолюциясымен қабылданған, «9» желтоқсан, 1988 жыл, 33-қағидат; *Недбала* Польшаға қарсы, «4» шілдедегі, 2000 жылғы шешім, 81-тармақ. *Попов Ресейге қарсы*, «13» шілдедегі 2006 жылғы шешім, № 26853/04 арыз, 246-247-тармақтар. Бұл тізімнің органдармен телефон арқылы немесе басқа байланыс құралдары арқылы байланыс мүмкіндігімен толықтырылуы мүмкін. Адам құқықтары бойынша Еуропа Кеңесі Комиссарының полиция әрекеттеріне жасалатын арыз-шағымдарды тәуелсіз және тиімді тексеру туралы қорытындысын қараңыз, CommDH(2009)4, 46-тармақ.

²⁸ Қандай түрде болмасын ұсталған немесе қамауға алынған тұлғалардың барлығын қорғау қағидаттарының жиынтығын қараңыз, БҰҰ Бас Ассамблеясының 43/173 резолюциясымен қабылданған, «9» желтоқсан, 1988 жыл, 13-қағидат; АҚКП қызметі туралы он екінші жалпы есеп, CRT/Inf (2002) 15, 44-тармақ.

²⁹ *Маммадов (Джалалоглу)* Әзірбайжанға қарсы ісін қараңыз, АҚЕС «11» қаңтардағы, 2007 жылғы шешімі, № 34445/04 арыз, 74-тармақ; *Иуксель* Түркияға қарсы, АҚЕС «20» шілдедегі, 2004 жылғы шешімі, № 40154/98 арыз, 27-тармақ.

³⁰ Қандай түрде болмасын ұсталған немесе қамауға алынған тұлғалардың барлығын қорғау қағидаттарының жиынтығын қараңыз, БҰҰ Бас Ассамблеясының 43/173 резолюциясымен қабылданған, «9» желтоқсан, 1988 жыл, 15-қағидат. АҚКП қызметі туралы он екінші жалпы есепті қараңыз, CRT/Inf (2002) 15, 41-тармақ; АҚКП Францияда «14» мамырдан бастап «26» мамыр аралығында 2000 жылы болғандығы туралы есеп, CRT/Inf (2001) 10, 35-тармақ.

атқаруға міндетті. Олар тұлғаға өзіне көрсетілген қарым-қатынас пен заңсыз әрекеттер туралы ашық түрде айту мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті,³¹

- пенитенциарлық мекемелер және олардың қызметкерлері жаңадан түскен тұтқандалғандарды тексеруге және олардың зорлық-зомбылық көргендіктері туралы арыздары мен дене жарақаттарын тіркеуге міндетті, егер болса, аталған мәліметтерді құзырлы органдарға тапсыруға міндетті.³²

• **Қиянат жасауға қарсы кепілдіктер туралы заңнама және оларды сақтау тәжірибесі**

21. Алдында атап өткендей, қиянат жасауға қарсы кепілдіктердің тиімділік мәселесін шешетін негізгі шарттардың бірі аталған кепілдіктерді тұлға бостандығы нақты шектелген уақыттан бастап қолдану болып табылады.

ҚР ҚІК 134-бабының 1-бөліміне сай ұстау негізі мен дәлелдері, жері мен уақыты (ұсталған сағат пен минут қоса көрсетіледі) көрсетілетін ұстау хаттамасы, жеке тінту нәтижелері, сондай-ақ хапттама жасау уақыты нақты ұсталған уақыттан бастап үш сағаттан аспайды.

Осы орайды, 2009 жылы Қазақстанда болғаннан кейін азаптау мәселелері бойынша арнайы баяндамашы бастапқыда қамауға алудың ең ұзақ үш сағаттық шегінің сақталатындығын анықтау мүмкін еместігін және ұстаудың алғашқы сағаттарын (тіркелмейтін уақытты) құқық қорғау органдары зорлық-зомбылық арқылы түсінік алу үшін пайдаланатындығы айтылған көптеген растамалар алғандығын айтты.³³

Бұған дейін, 2008 жылы Қазақстан Республикасының екінші кезеңдік баяндамасын талқылау бойынша жасалған қорытынды ескертпелерінде АҚК ұсталған тұлғаның ұсталған уақыты мен полиция бөлімінде ресми тіркелген уақыты аралығында сезіктіге зорлық-зомбылық жасау және мәжбүрлеп түсінік алу, қатыгез әрекеттер көрсетудің орын алатындығын білдіретін дәйектердің көптігінің алаң тудыратындығын айтқа, бұл ұсталғандарды құқықтық кепілдіктерінен айырады. Ол ұсталған тұлғаның қамауға алынған нақты уақытының расталмайтындығын, бекітілмейтіндігін және тіркелмейтіндігін көрсетті, сондай-ақ сотқа дейін ұстау мен тергеу әрекеттерінің тіркелмеген кезеңдерінің анықталғандығын көрсетті. Сонымен қатар Комитет қатысушы мемлекеттің лауазымды тұлғаларының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 24 сағат ішінде жауап алуға, қылмыстық іс қозғалғанға дейін қамауда ұстауға, сезікті немесе айыпталушы тұлғаның туған-туыстарына аталған тұлғаның ұсталғандығы және ұсталып отырған орны туралы 24 сағат ішінде хабар беруге және қорғаушыға жүгінуге қатысты ереже-талаптарды жиі бұзатындықтарын үкіметтің мойындауын да айтарлықтай алаңдаушылықпен атап айтты.³⁴

³¹ Қандай түрде болмасын ұсталған немесе қамауға алынған тұлғалардың барлығын қорғау қағидаттарының жиынтығын қараңыз, БҰҰ Бас Ассамблеясының 43/173 резолюциясымен қабылданған, «9» желтоқсан, 1988 жыл, 37-қағидат; АҚК *Bouabdallah Ltaief v. Tunisia* бойынша қабылдаған шешімі, CAT/C/31/D/189/2001, 10.5-10.8-параграфтар. АҚКП қызметі туралы он төртінші жалпы есеп, CPT/Inf (2004) 28, 28-тармақ. Сондай-ақ *Ахмет Озкан және басқалар* Түркияға қарсы ісін қараңыз, АҚЕС «6» сәуірдегі, 2004 жылғы шешімі, № 21689/93 арыз, 359-тармақ; *Тарабурка* Молдовияға қарсы, АҚЕС «6» желтоқсандағы, 2011 жылғы шешімі, 49-тармақ.

³² *Тарабурка* Молдовияға қарсы, АҚЕС «6» желтоқсандағы, 2011 жылғы шешімі, 49-тармақ. ЕАҚК Литвада «17» ақпан мен «24» ақпан аралығында 2004 жылы болғандығы туралы есеп, CPT/Inf (2006) 9, 96-тармақ.

³³ Адам құқықтары бойынша Жоғарғы комиссар Басқармасының 15-тармаққа сай дайындаған тұжырымдамасын қараңыз, В) адам құқықтары жөніндегі Кеңестің 5/1 резолюциясына қосымша, 14-тармақ. A/HRC/WG.6/7/KAZ/2

³⁴ CAT/C/KAZ/CO/2, 9 және 11-параграфтар.

Аталған стандарттар мен осы ұсыныстар төңірегінде Қазақстанда осындай құқық бұзушылықтардың алдын алатын бірқатар шаралар атқарылды. Бұл бағыттағы негізгі қадам Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының 2009 жылдың «28» желтоқсанында қабылдаған №7 Нормативтік Қаулысы болды, ол нақты ұстау уақытының халықаралық стандарттарға сай анықтамасын айқындады. Осы қаулының 2-тармағы нақты ұстау деп тұлғаның еркін жүріп-тұру және өзінің қалауы бойынша басқа да әрекеттерді орындау мүмкіндігінің шектелуі (ұстап алу, белгілі орынға жауып қою, қандай да бір орынға баруға мәжбүрлеу немесе орында қалуға мәжбүрлеу және т.б.) деп анықтады. Осы аспектіде жедел арада, нақты ұсталған уақыттан бастап үш сағат ішінде тұлғаның тергеушіге немесе анықтаушыға оның іс жүргізушілік ұсталуы туралы мәселені шешу үшін берілуінің керектігі анықталған.³⁵ Тұлғаны ұстау мерзімінің басы оның нақты ұстауға алынған уақыты болып саналады. Бұл уақыт сағаты мен минуты міндетті түрде көрсетілетін ұстау хаттамасында жазылады, аталған хаттаманы тергеуші (анықтаушы) нақты ұстаған уақыттан бастап үш сағат ішінде ресімдейді. Сонымен қоса соттар сот амалдары барысында және қылмыстық істің сотқа дейінгі кезеңінде адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау талаптарының бұзылуына қатысты арыздарды тексеру кезінде, тұтқынға алу түріндегі бостандықты шектеу шарасына санкция беруді қарастыру кезінде тұлғаның нақты қашан ұсталғандығын, қандай уақытқа, қай жерде ұсталғандығын, хаттаманың және басқа да осы жағдайға байланысты құжаттардың ресімделгендігін анықтауға міндетті.³⁶

Жоғарғы соттың қатаң түсініктемелеріне қарамастан жоба төңірегінде жасалған сауалнама барысында кейбір қорғаушылар ұстап, қамауға алудың жедел емес, кешіктіріліп ресімделетіндігін айтты.

Осылайша, **нақты ұсталған уақыттан бастап азаптауға, зорлық-зомбылыққа қарсы кепілдік стандарттарын қатаң сақтау бойынша шаралар атқаруды жалғастыру керек.** Атап айтқанда бұл мақсаттар үшін Жоғарғы Соттың «**сезікті тұлғаның ұсталуының жалған айғағына**» қатысты **әр оқиғаға тиісті түрде** Жоғарғы Сот нұсқамаларын пайдалануды белсендендіру керек.³⁷

22. Ұстап, қамауға алудың немесе бостандықтан басқа да түрмен айырудың уақытынан кеш және дәйексіз ресімделетіндігінен милиция мен басқа да құқық қорғау органдарында тиісті есепке алудың жүйесі мен тәртібінің де маңазы артып келеді. Бұған қатысты маңызды тұс ұстау, қамауға алу хаттамасын ресімдеу ғана емес, оған қоса жеткізу, ұстап, қамауға алу және еркіндікті басқа да амалдармен шектеу әрекеттерін ішкі істер органдарының және құқық қорғау қызметтерін жүзеге асыратын басқа да ведомствалардың журналдары мен басқа да есептік кітаптарына жедел енгізу болып келеді. Бостандығынан айырылған тұлғалар орналастырылатын УҚИ мен басқа мекемелердегі есепке алу жағдайына келетін болсақ, оларда есепке алуды жүргізу ісінің уақыты мен дәйектілігіне қатысты кемшіліктер аз.

Тек ҚІК ғана емес, соған қоса Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2009 жылдың «28» желтоқсанындағы №7 нормативтік Қаулысының да тек қана ұстау, қамауға алу хаттамасын ресімдеу арқылы фокусталады және есепке алуды жүргізу мен тиісті арыздар мен шағымдарды тексеру барысында оларды тексеруге назар аударылмайды.

Сәйкесінше, нақты ұсталған, қамауға алынған уақыттан бастап зорлық-зомбылыққа қарсы кепілдік стандарттарының қолданылуын қамтамасыз етуге ұстап, **қамауға алуды нақты және жан-жақты тіркеуге алу үрдістерін сақтау жүйесін, сондай-ақ жедел тіркеуге алу шараларын дер кезінде орындау амалдарын жетілдіру қажет, тіркеуді (дорталдарға,**

³⁵ Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2009 жылдың «28» желтоқсанындағы №7 нормативтік Қаулысы, 1-т.

³⁶ Сол жерде, 4-т.

³⁷ Сол жерде.

электрондық тасымалдауыштарға) ішкі істер органдарының бөлімшелері және құқық қорғау қызметтерін жүзеге асыратын басқа да ведомствалар жүзеге асырады.

23. Қазақстанның тұлғаны ұстау, қамауға алу туралы туған-туыстарына және үшінші тұлғаларға хабар беруге қатысты заңнамасын сынға ұшыратқан негіздердің бірі ҚІК 138-бабының 3-бөліміне сай осындай хабар беру уақытын 72 сағатқа дейін кейінге қалдыру мүмкіндігі болды.³⁸ Осыған байланысты ҚР 18.01.11 жылғы № 393-IV Заңына сай осы норманың алынып тасталуын дұрыс деп таныған жөн.

Соған қоса ҚІК 138-бабаның басқа да ережелері, нақты айтар болсақ осы баптың 1-бөлімінде қарастырылған хабар берудің он екі сағаттық кезеңі жеделдік стандартына сай келмейді.

Ұсталған тұлға өзінің қамауға алынғандығы туралы хабар беретін тұлғалар шеңберіне келер болсақ, онда басқа да жақындарына қатысты сілтеме жасау және осындай хабар беру мүмкіндігін сезіктінің немесе айыпталушының өзіне берілуін ұсталған тұлғаның үшінші тұлғаларға өзінің таңдауы бойынша хабар беру стандартына сай деп санауға болады.

Бұл хабар берудің құжаттық түрде расталуына да қатысты. Бұл іс жүргізушілік әрекет хаттамада көрсетіледі, оған тергеуші (анықтаушы) және сезікті қолтаңбаларын қояды. Қорғаушылардың көбісі хабар берудің тек ұстау ресми түрде тіркелген соң және хаттама жасалған соң жүзеге асырылатындығын айтты.³⁹

Жоғарыда мазмұндалған жағдайларға байланысты ұсталғанның таңдауы бойынша үшінші тұлғаларға хабар беруді реттейтін нормаларды халықаралық стандарттарға сәйкестендіру керектігі анықталды, мысалы, оның «жедел» жүзеге асырылуын қарастыру, қажет болған жағдайда қалыптасқан қатаң үрдістер негізінде белгілі уақытқа кейінге қалдыру (бірнеше сағатқа дейінгі нақты анықталған уақытқа кейінге қалдыру) және кепілдіктерді, соның ішінде арыздану мүмкіндігін сақтау.

24. Қолданыстағы заңнама бойынша (ҚР ҚІК 68-бабы): сезікті өз бетімен немесе өзінің туған-туыстары немесе сенімгер тұлғалары арқылы қорғаушы шақыруға құқылы, егер қорғаушыны сезікті, оның туған-туыстары немесе сенім білдірілген тұлғалары шақырмаған болса тергеуші, анықтаушы оның қатысуын осы Кодекстің 71-бабының үшінші бөлімінде қарастырылған тәртіп бойынша қамтамасыз етуге міндетті; өзі таңдаған немесе тағайындалған қорғаушымен алғашқы жауап алуға дейін оңаша және құпия жолығуға құқылы; жауап және түсінікті тек қана қорғаушының қатысуында беруге құқылы, сезіктінің одан бас тартатын жағдайларын санамағанда.

Баптың мәтінінен байқағандай ҚР ҚІК түсінік беру барысында қорғаушының болуын қатаң қарастырады, бұл осындай құқықты тергеу амалдарына дейін де пайдалануға мүмкіндік береді деп түсінілуі керек. Дегенмен, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2009 жылдың «28» желтоқсанындағы №7 нормативтік Қаулысында тиісті түсініктің қарастырылмағандығына сүйенер болсақ бұл құқықтың мүлде қарастырылмағандығы туралы қорытынды жасауға болады. Бұл сауалнама жасалған қорғаушылардың түсініктерімен де дәлелденеді.

Тағы да бір мәселе, аталған қаулыда (2-тармақта) ұсталған уақыттан бастап қорғаушыға жүгіну құқығын қарастырылғанымен (ҚІК 68-бабының 1-бөлімінде және 70-бабының 3-бөлімінде қарастырылған жағдайларда айқындалған) осы қаулының 7-тармағында айып тағылғанға дейін сезікті тұлға ұсталғанда немесе оған қатысты бостандығын шектеу амалы

³⁸ Қазақстан Республикасының екінші кезеңдік баяндамасын талқылау нәтижелері бойынша 2008 жылдың «12» желтоқсанындағы қорытынды ескертпелердің 10-тармағын қараңыз, CAT/C/KAZ/CO/2.

³⁹ Барлық кепілдіктерді нақты ұстаған уақыттан бастап қолданудың қажеттігі туралы, қорытындының алдыңғы параграфын қараңыз.

орындалса оның ҚІК 68-бабының 2-бөліміне сай ұсталған уақыттан бастап жиырма төрт сағат ішінде алғашқы жауап алуға дейін тағайындалған немесе таңдалған қорғаушымен құпия кездесу қамтамасыз етілгенде тергелетіндігі ғана көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2009 жылдың «28» желтоқсанындағы №7 нормативтік Қаулысының жағымды аспекті ретінде қорғаушы болмаған кезде алынған түсінік пен жауаптың қолданылмайтындығын айтуға болады. Оның 14-тармағына сай, егер сотталушы сот отырысында қылмыстық қудалау органдарының физикалық немесе психикалық жәбірлеуі негізінде бергендігін, оған қоса қорғаушы шақыруға және өзіне қарсы түсінік бермеуге құқылы екендігімен таныс болмағандығын айтатын болса даулы түсініктер дәйектеме ретінде жарамсыз деп танылуы керек. Осылайша, қорғаушы көмегін пайдалану құқығы туралы шешімнің нақтылығы мен ол туралы хабардар екендігін бағалаудың маңызы артуда, бұл бірегей тәжірибенің алдағы уақытта да талдануы мен қалыптастырылуын талап етеді.

Сауланама жасалған қорғаушылардың берген жауаптарынан басқа да кепілдіктер сияқты қорғаушыға қатысты құқықтың жақсы деген жағдайда ресми тергеу барысында ғана берілетіндігі анықталды, ал қорғаушының көмегін нақты пайдалану құқығы одан да кеш беріледі екен (осындай құқықтан формалды бас тартумен түсіндіріледі). Сонымен қатар, тергеуге дейін бетпе-бет кездесу мүмкіндігі үнемі берілмейді, тергеушілердің белгілі («өздерінің») қорғаушыларды «тықпалдау» тәжірибесі байқалады. Жекелеген қорғаушылар мемлекет тарапынан көрсетілетін қорғаудың тиімсіздігін алға тартады (дер кезінде іске қатыстыру қиын, оның сапасы қанағаттандырмайды). АҚК да осы құқықтың Қазақстанда шектеулі екендігін анықтаған.⁴⁰

Жоғарыда мазмұндалған жағдайларға сүйене отырып, сондай-ақ зорлық-зомбылықтан қорғау кепілдігі ретінде ресми ұсталған уақыттан бастап (әділ сот талқылаулары құқығына сай алғашқы жауап алуға дейін емес) қорғаушыға жүгіну стандарттарының ерекшеліктерін ескере отырып:

- қылмыстық іс жүргізу заңнамасының ережелерін нақтылау керек және бір жақты әдіспен қорғаушыға жүгіну құқығының нақты ұсталған уақыттан бастап іс жүргізушілік ресімделу уақытына (3 сағат ішінде хаттама ресімдеу) немесе ресми жауап алу уақытына (24 сағат ішінде) қарамастан берілуін қамтамасыз ету керек;

- қорғаушы көмегін пайдалану құқығынан бас тартудың нақты критерийлерін қарастыру керек (мысалы, тиісті түрде түсіндірілгендігін растай алатын арнайы жеке құжат ресімдеу, бас тартуды қорғаушының немесе іске тікелей қатысы жоқ лауазымды тұлғаның, соттың немесе прокурордың қатысуымен растау);

- мемлекет тарапынан көрсетілетін қорғаудың тиімділігі мен сапасын арттыру қажет.

25. БҰҰ деректері мен мониторингтік механизмдерінің қорытындылары бойынша Қазақстанда бостандығынан айырылған тұлғаның таңдауы бойынша медициналық тексерістен өтуі немесе дәрігерге жүгінуіне байланысты кепілдіктердің айтарлықтай кемшіліктері анықталған. Осылайша, азаптау мәселелері бойынша арнайы баяндамашы тиісті тұлға келгенде ішкі істер Министрлігі мен абақты әкімшіліктерінің медициналық қызметкерлері алғашқы тексеру үрдістерін орындағанымен олардың жұмысты күнде кездесіп жүретін әріптестеріне қарағанда қандай да бір тәуелсіз әрекеттерді атқара алмайтындығын айтты. Тәуелсіз медициналық тексерісті жүзеге асыру үшін бақылау органының рұқсаты керек – мысалы, тергеушілердің, прокурорлардың, абақты әкімшілігінің – ал бұл органдардың тиісті рұқсатты беру уақытын зорлық-зомбылық көрсету салдарынан болатын дене жарақаттарының рұқсат берілген

⁴⁰ Қазақстан Республикасының екінші кезеңдік баяндамасын талқылау нәтижелері бойынша 2008 жылдың «12» желтоқсанындағы қорытынды ескертпелердің 9-тармағын қараңыз, CAT/C/KAZ/CO/2.

уақытқа дейін кетіп қалуын күту мақсатында барынша созуға барлық мүмкіндіктері бар. Медициналық тексеріс қамауда ұстау орындарынан тыс жерде жүргізілетін жағдайларда істі жүргізетін құқық қорғау органының қызметкері ұсталғанды өзі апарады және тексеру уақыты бойы оның қасында болады.⁴¹ АҚК өз кезегінде тәуелсіз дәрігерлерге жүгіну құқығының шектелгендігін де атап өтті.⁴²

Халықаралық құқықтық стандарттарға қарасты осындай сәйкессіздіктің заңнамалық дәрежеде реттелуінің қажеттілігі айқын. Бұған қарамастан ҚІК де, сезіктілер мен айыптыларды қамауда ұстау тәртібі мен шарттары туралы Заңда да, ҚР қылмыстық – атқару Кодексінде де тиісті нормаларды қарастырылмаған.

Қолданыстағы заңнан туындаған кесімдерге сай, атап айтқанда Ішкі Істер Министрлігінің «Ішкі істер органдарының уақытша қамауда ұстау изоляторларының ішкі тәртіптерін бекіту туралы» 2002 жылдың «1» маусымындағы №385 бұйрығында, сондай-ақ Әділет Министрінің «Қазақстан Республикасының әділет Министрлігінің қылмыстық атқару жүйесі Комитетінің тергеу изоляторларының ішкі тәртібі Ережелерін бекіту туралы» 2004 жылдың «27» тамызындағы № 2 қаулысында осы кепілдіктердің тек жекелеген құрамдастары ғана қарастырылған. Мәселен, УҚИ ішкі тәртібі Ережелерінің 13-тармағына сай қайта келген тұлғалардың денсаулық ахуалын кезекші немесе фельдшер (демек балама тұлға) тексереді және оларда шағым болса қажетті медициналық көмек көрсетіледі. Осы тармақтың үшінші азат жолы дене жарақаттары мен денсаулығына жасалған нұқсанның айқын белгілері анықталған кездегі қызметкерлердің әрекеттері реттелген, мұндай жағдайда медициналық қызметкердің (фельдшердің) міндетті түрде тексеруінің қажет екендігі көрсетілмеген. Бұл азат жол кезекшінің осындай жағдай туралы УҚИ бастығына және ішкі істер органына хабар беруге міндетті екендігін ғана қарастырған, ал тәуелсіз тексеру жасау бойынша прокурорға немесе басқа органға хабар берілуі керек.⁴³ Соған қоса, осы олқылықтың №13 қосымшамен толықтытырғандығын айту керек, онда медициналық тексеру картасының үлгісі ұсынылған. Оған медициналық қызметкер тұлға келген кезде және тергеу изоляторына жөнелту алдында анықталған зақымдар мен жарақаттарды тіркейді. Дегенмен, бұл бұйрықта медициналық тексерудің осындай түрінің УҚИ босатылатын тұлғаларға қатысты да (тергеу изоляторына жөнелтілетіндерге ғана емес) орындалуы қарастырылмаған, тексерудің арнайы ережелері де (естілмейтін, көрінбейтін орын және т.б.), УҚИ орналастырылған тұлғаның таңдауы бойынша анықталған медициналық қызметкерге қаралу мүмкіндігі де қарастырылмаған.

Қазақстан Республикасының әділет Министрлігінің қылмыстық атқару жүйесі Комитетінің тергеу изоляторларының ішкі тәртібі Ережелеріне келетін болсақ, оның 139-бабында жаңадан келген тұлғалардың медициналық тексерістен өту уақыты тым ұзақ қарастырылған (3 күндік мерзім). Ережелерде қамауға алынған тұлғалардың келуін тіркеу мен осындай тұлғалардың дене жарақаттары туралы қандай да бір тұлғаларға хабарлау жасауды талап ететін нормалар жоқ. 143-тармағында тек тергеу изоляторында дене жарақаттарын алған жағдайда жедел арада (сол жағдайда)⁴⁴ медициналық тексерістің жасалуы ғана қарастырылған. Оның амбулаториялық картаға жазылатын және тұлғаның өзіне түсіндірілетін қорытындылары талап етілген. Соңғы аталған тұлғаның немесе қорғаушының талап етуі бойынша тексеруді азаматтардың денсаулығын сақтауға жетекшілік жасайтын органның атқаруы мүмкін. мұндай шешімді әкімшілік 24 сағат ішінде қабылдайды. Осылайша, бұл ереже пенитенциарлық қызметке тәуелді емес медициналық қызметкердің көмегін

⁴¹ Адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы мәселелер бойынша Арнайы Баяндамашы Манфред Новактің баяндамасы. Қазақстанға миссия. A/HRC/13/39/Add.3. 19-т.

⁴² Қазақстан Республикасының екінші кезеңдік баяндамасын талқылау нәтижелері бойынша 2008 жылдың «12» желтоқсанындағы қорытынды ескертпелердің 9-тармағын қараңыз, CAT/C/KAZ/CO/2.

⁴³ Сәйкес критерийлер туралы осы қорытындының төмендегі тарауын қараңыз.

⁴⁴ Түскен кезде медициналық тексеріс жасау мерзімінің үш күн екендігіне назар аударыңыз.

пайдалану мүмкіндігін бергенімен таңдау жасау мүмкіндігін біршама шектейді, оның үстіне шешім қабылдауды мекемеде алған жарақаттар үшін жауапты болып табылатын тұлғаның құзырына жүктеген.⁴⁵

Ережелерде зарлап шегуші тұлғаның немесе оның қорғаушысының тікелей талабы бойынша сот-медициналық сарапшының тексеруіне бір жақты жасалған нұсқау жоқ. Осылайша сауалнама барысында жауап алынған қорғаушылар сот медициналық тексерісті (тергеу-прокурорлық немесе сот органдарының рұқсатынсыз) тек еркіндіктегі тұлғалардың ғана жасата алатындығын айтты.

Жоғарыда мазмұндалған жағдайларға сүйенетін болсақ ең алдымен заңнамалық дәрежеде аталған кемшіліктерді жою қажеттілігі анықталады және бостандығынан айырылған тұлғалардың медициналық тексерістен өтуіне, соған қоса өздері таңдаған медициналық жұмыскерге (сот-медициналық сарапшыларды қоса алғанда) қаралуға, осындай үрдістердің дереу және құпия түрде жүзеге асырылуына қатысты қолданыстағы ережелердің олқылықтарының орнын толтыру қажеттілігі байқалады.

26. Сезіктінің, айыпталушышының, қорғаушының ҚІК тиісті құқытарына қосымша ретінде Қазақстанның заңнамасы бостандығынан айырылған тұлғаларға тиісті мемлекеттік органдарға арыз-шағымдармен жүгінуді құқығын береді. прокурорға немесе сотқа бағытталған арыз-шағымдар цензураға жатпайды және тәулік ішінде жөнелтіледі. Бұл сезікті және айыпталушы тұлғаларды қамауда ұстау тәртібі мен шарттары туралы Заңның 20-бабында, ҚР ҚАК (13-бап және т.б.), сондай-ақ заңнан туындайтын кесімдерде қарастырылған, соның ішінде Қазақстан Республикасының әділет Министрлігінің қылмыстық атқару жүйесі Комитетінің тергеу изоляторларының ішкі тәртібі Ережелерінің 104-тармағы, ішкі істер органдарының уақытша қамау изоляторларының ішкі тәртібі Ережелерінің 86, 87-тармақтарында қарастырылған.

Азаптау мен зорлық-зомбылыққа қатысты арыз-шағымдар бойынша аталған ережелерді Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2009 жылдың «28» желтоқсанындағы №7 нормативтік Қаулысы тиісті түрде ажыратып, толықтырды. Онда қамауда ұстау орындарының әкімшіліктері ҚІК 104-бабына сай прокурорға ұсталған немесе қамауға алынған тұлғадан түсетін зорлық-зомбылық жағдайы туралы шағымды жедел арада жеткізуге міндетті деп айтылған. Қылмыс бойынша сезікті ретінде ұсталған немесе қамауға алынған тұлғаның азаптау мен жәбірлеуге қатысты арыз-шағымы сотқа бағытталған болса, қамауда ұстау орындарының әкімшіліктері оны мекеменің орналасқан жері бойынша жедел арада аудандық (қалалық) сотқа ҚІК 109-бабына сай жөнелтуге міндетті.⁴⁶

Соған қоса, хат алмасулары цензураға жатпайтын органдар қатарына тек прокурорлар мен соттардың ғана жататындығы да өзіне назар тартады. Цензураға тексерілгендігіне қатысты тесттің нәтижесіне сүйенер болсақ елбасына, мемлекеттің басқа да жоғарғы органдарына, соның ішінде ішкі істер, әділет министрлеріне, сәйкес ведомствалардың облыстық буындарына және т.б., сондай-ақ адам құқықтары бойынша өкілетті тұлғаға және халықаралық ұйымдарға, ең алдымен дербес жүгінуді Қазақстан рұқсаттаған АҚК шағымдану амалдары және осындай шағымдарға олардың жүйелі түрде қатысу мүмкіндіктері жоқ. Осылайша, тиісті түрде **хат алмасулары (соның ішінде келіп түсетіндері де бар) цензураға жатпайтын органдар мен мекемелердің қатарын кеңейту қажет деп танылды.**

⁴⁵ Бұл соған қоса кезекті үрдістердің тәуелсіз болуын қамтамасыз ету бойынша қарама-қайшылық тудырады. Төменнен қараңыз.

⁴⁶ Бұл ережеде қатыгездіктің басқа түрлері қарастырылмаған. Осы қорытындының 14-тармағын қараңыз.

Соған қоса құқық қорғау органдарының немесе басқа органдардың тарапынан болатын зорлық-зомбылық пен жәбірлеуге, басқа да заңсыз әрекеттерге шағымданатындарды қорқыту мен қудалау тәжірибесінің кең етек жайғандығына байланысты арыз-шағымды жөнелту құқығының формалдық сипаты туралы көптеген деректер де өзіне назар аудартпай қоймайды. БҰҰ азаптау мәселелері жөніндегі арнайы баяндамашысы іс жүзінде ресми арыздардың мүлде болмауы елде осындай арыз-шағымдарды алу мен оларды қарастыру механизмі жоқ деген күдік тудырады деген тұжырым жасады; керісінше, қамалғандардың көпшілігі шағымданудан қашады, себебі олар жүйеге сенбейді немесе жазадан сескенеді.⁴⁷ Ол соған қоса өзі әңгімелескен қамалғандар мен сотталғандардың көбісін қосымша айып тағумен, абақтыға қамау мерзімін ұзартумен, тіпті кей жағдайда камера ішіндегілердің жыныстық жәбірімен қорқытқандарын айтты, осылайша олар арыздарын қайтып алуға немесе қандай да бір арыз-шағымдарының жоқ екендігі туралы қолхат жазуға, тұтқындау барысында қарсылық көрсеткенде дене жарақаттарын алғандықтары туралы жалған түсініктер жазуға мәжбүрленген. Ол сонымен қатар қамауға алынғандардың отбасын да қорқытып-үркітетін жағдайлардың бар екендігін анықтады, мысалы, оның отбасы мүшелерін тұтқындайтындықпен немесе баласының достарына шындықты жария ететіндіктерімен қорқытқан оқиғалар кездескен.⁴⁸ АҚК шағымданғандық үшін қорқыту немесе қудалау фактісі Герасимовтың Қазақстан Республикасына қарсы жазған шағымына сай қабылданған шешімде мойындалды.⁴⁹

27. Қорқытудың және басқа да түрдегі әрекеттердің зорлық-зомбылыққа шағымдануға кедергі болатындығын ескере отырып халықаралық стандарттар тиісті органдар, билік өкілдері және ең алдымен прокурорлар мен соттар зорлық-зомбылық туралы формалдық арыздарға ғана емес, соған қоса «қарығездіктің орын алуы мүмкін» екендігін білдіретін «белгілерге» де жедел әрекет етіп, шара қолдануға міндетті деп қарастырған.⁵⁰ Оларға тұлғаның дене жарақаттары, жалпы сыртқы түрі, адамның өзін-өзі ұстау ерекшеліктері және т.б. жатады.⁵¹

Өзінің миссиясы барысында 2009 жылы Арнайы баяндамашы жәбірлеу әрекеттерінің орын алуына прокурорлардың, соттардың, әділет Министрлігі қызметкерлерінің, дәрігерлер мен қорғаушылардың зорлық-зомбылыққа ұшырған тұлға алдындағы әрекетсіздігінің ықпал ететіндігін анықтаған.⁵²

Осы орайда заңнамада да, сол Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының 2009 жылдың «28» желтоқсанындағы №7 Нормативтік Қаулысында да 13-тармақта қарастырылған арыз-шағымдарға ғана емес, осындай беліглерге де жедел шара қолдану бойынша нақты түсініктемелердің берілмегендігі өзіне назар аудартады. Бостандықтан айыру орындарының әкімшіліктерінің және басқа органдардың зорлық-зомбылық пен жәбірлеу бойынша жасалатын арыз-шағымдарға қатысты әрекеттеріне қатысты бұл тармақта қосымша ретінде осындай арыздардың сотта болған кезінде сот отырысында соттың оны жедел түрде

⁴⁷ Адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы мәселелер бойынша Арнайы Баяндамашы Манфред Новактің баяндамасы. Қазақстанға миссия. A/HRC/13/39/Add.3. 51-т.

⁴⁸ Сол жерде, 59-т.

⁴⁹ CAT/C/48/D/433/2010. «10» шілдедегі 2012 жылғы шешім.

⁵⁰ Қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлерін тиімді тексеру мен құжаттау Қағидаттарының 2-тармағын қараңыз, БҰҰ Бас Ассамблеясының 55/89 резолюциясымен ұсынылған, «4» желтоқсан, 2000 ж.; *Бати және басқалар* Түркияға қарсы, «3» маусымдағы, 2004 жылғы шешім, 100-тармақ; *Иегова Гдлан куәгерлері Конгрегациясының 97 мүшесі және басқа 4 тұлға* Грузияға қарсы, «3» мамырдағы 2007 жылғы шешім, 97-тармақ.

⁵¹ ЕАҚК қызметі туралы он төртінші жалпы есеп, CPT/Inf (2004) 28, 28-тармақ.

⁵² Адам құқықтары бойынша Жоғарғы комиссар Басқармасының 15-тармаққа сай дайындаған тұжырымдамасын қараңыз, В) адам құқықтары жөніндегі Кеңестің 5/1 резолюциясына қосымша, 14-тармақ. A/HRC/WG.6/7/KAZ/2.

талқылау бойынша заңда қарастырылған шараларды міндетті түрде атқаруға міндетті екендігі көрсетілген. Дегенмен, сауал жасалған кейбір қорғаушылар соттардың қамауға алынғандар аразына назар аудармастан тек көрнекті зақымдар туралы ғана сұрақ қоятындарын айтты.

Бұған қарамастан бірегей тәжірибе қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін **құқық қорғау және басқа да органдардың тарапынан болатын қатыгездік пен басқа да заңсыз әрекеттерге арыз-шағым жасайтын тұлғаларды қорқытудың және қудалаудың алдын алу бойынша қылмыстық-құқықтық және басқа да шараларды қолданудан басқа заңнамада прокурорлар мен соттардың, сондай-ақ басқа да заңды тұлғалардың тек қана арыздарға емес, зорлық-зомбылық пен жәбірлеудің орын алғандығын білдіретін айқын белгілерге қатысты да дереу әрекет етуі бойынша міндеттемелерін нақытау керек.**

28. Осы кемшіліктер мен мәселелер пенитенциарлық қызметтің рөлін анықтауға да қатысты. Қылмыстық атқару жүйесі Комитетінің мекемелеріндегі⁵³ тұлғалардың медициналық тексерістен өтуіне қатысты жоғарыда аталған кемшіліктерден басқа БҰҰ арнайы баяндамашысының тергеу изоляторларының көбісі әділет Министрлігінің қарауына берілсе де изоляторларда жүргізген әңгімесінің барысында аталған изолятор қызметкерлерінің құқық қорғау органдары тарапынан болатын жәберлеу немесе қиянат жасау жағдайларына байланысты қандай да бір шаралар қолданбақ тұрсын, осындай жағдайларды анықтаудың өзін міндеттеріне кірмейді деп санайтындықтарын байқағандығы алаң тудырады.⁵⁴

Қылмыстың белгілері туралы мәлімдеме жасауға қатысты қолданыстағы жалпы қыылмыстық – іс жүргізушілік нормаларға қарамастан Қазақстанның заңнамасында **қылмыстық атқару жүйесі органдарының қатыгездік пен азаптау туралы мәлімдемелерді осындай жағдайларды тергеу мен тексеруге құзырлы, бірақ қамауға алынған тұлғаны қылмыстық қудалау мен қамауда ұстауға еш қатысы жоқ органға жолдауының** нақты жүйесін қалыптастыру керек.

29. Жоғарыда сипатталған азаптауға, зорлық-зомбылыққа қарсы берілетін кепілдіктердің тиімділігіне кері әсер ететін факторлардың көбісі тиісті құқықтар туралы дер кезінде хабарламау және тиісті түрде мәлімдеме жасамау салдарынан ушығады. Бұл бостандықтан айырудың тіркелмейтін кезіне де, ҚІК 134-бабында заңды түрде бекітілген ұстау хаттамасын ресімдейтін үш сағаттық уақыт барысында да байқалады, дәл осы хаттама жасау уақытында ұсталған тұлғаны ҚІК 68-бабында қарастырылған құқықтарымен таныстыру көзделген. Тиісті түрде таныстырмау бұл бапта кепілдіктің барлық түрлерінің қарастырылмауына байланысты, мәселен бұл бапта дәрігерге жүгіну құқығы көзделмеген. Соған қоса қорғаушылардың айтулары бойынша құқықтармен таныстыру тек хаттамада баптардың тізілуі түрінде ғана орындалады, ал олардың мазмұны көбіне түсіндірілмейді.

АҚК ұсталғандарды олардың ұсталған кездегі құқықтарымен толық таныстырмау туралы ескертуі де осыған байланысты.⁵⁵

Осыған орай заңнаманың ережелерін нақыталу керек және бір жақты әдіспен қорғаушыға жүгіну құқығының нақты ұсталған уақыттан бастап іс жүргізушілік

⁵³ Осы қорытындының 25-тармағын жоғарыдан қараңыз.

⁵⁴ Адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы мәселелер бойынша Арнайы Баяндамашы Манфред Новактің баяндамасы. Қазақстанға миссия. A/HRC/13/39/Add.3 54-т.

⁵⁵ Қазақстан Республикасының екінші кезеңдік баяндамасын талқылау нәтижелері бойынша 2008 жылдың «12» желтоқсанындағы қорытынды ескертпелердің 9-тармағын қараңыз, CAT/C/KAZ/CO/2.

ресімделу уақытына (3 сағат ішінде хаттама ресімдеу) немесе ресми жауап алу уақытына (24 сағат ішінде) қарамастан берілуін қамтамасыз ету керек.

3. Зорлық көрсету және қинау оқиғаларын зерттеу тиімділігінің критерийлері

- **Негізгі халықаралық стандарттар**

30. Қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қатаң тыйым салудан туындайтын іс жүргізушілік міндеттемелердің, ең алдымен олардың тиімді тексерілуінің негізгі әрі қорытынды мақсаты «биліктің құқықтың үстем екендігі туралы қағидатты ұстанатындығына және өзінің кез-келген заңсыз әрекеттерге қатысын болдырмауға немесе оларға байланысты толерантты көзқарас білдіруге тырысатындығына сенімді қолдау»⁵⁶ болып табылады. Басқаша сөзбен айтқанда мемлекеттер зорлық – зомбылық пен азаптаудың басқа да түрлерін оларға жол берілмейтіндікке күмән келтірілмейтіндей етіп және оларды жоюды шынайы мақсат деп танитындай етіп зерттеуге-тексеруге міндетті. Халықаралық ұйымдар мен халықаралық құқықтық құжаттарда қолданылатын терминология әр түрлі болғанымен⁵⁷ релеванттық критерийлерге құзырлылықтың тәуелсіздігі мен болжамсыздығы, нақтылығы, жеделдігі, бейімдігі, сондай-ақ ашық қоғамдық бақылау мен тергеу әрекеттеріне жәбірленушіні қатыстыру жатады.

31. Тәуелсіздік тиімді тергеу мен зардап шегішінің, тұтас қоғамның сенімін қамтамасыз етеді.⁵⁸ Тәуелсіздік және болжамсыздық дегеніміз тергеу жүргізу үшін тағайындалған жауапты лауазымды тұлғаның немесе шешім қабылдау құқығы бар тұлғаның тергелетін оқиғаларға қатысы бар тұлғалар қызмет ететін құқық қорғау бөлімдерінің құрамына кірмеуін және олармен қандай да бір себептермен байланысты болмауын білдіреді (кәсіби қызметтері немесе бағынушылығы бойынша байланыста болмауы керек).⁵⁹ Соған қоса олардың шағымданушыға қатысты қозғалған қылмыстық істерге де еш қатыстарының болмауы керек.⁶⁰ Тәуелсіздік талабы тергеу барысында шешім қабылдайтын немесе тергеуді жүзеге асыратын кез-келген тұлғаға қатысты, соның ішінде белгілі тергеу немесе жедел іздестіру шараларын атқару тапсырылған тұлғалар,⁶¹ сот-медициналық сарапшылар,⁶² бақылаушы прокурорлар,⁶³ сондай-ақ арнайы органдар бар.⁶⁴

⁵⁶ *Бати және басқалар* Түркияға қарсы, АҚЕС «3» маусымдағы, 2004 жылғы шешімі, 136-тармақ.

⁵⁷ *Стамбұлдық хаттаманы қараңыз*, 79-82-тармақтар; АҚК қызметі туралы он төртінші жалпы есеп, СРТ/Іnf (2004) 28. 31-36-тармақтар; Еуропа Кеңесі Комиисарының полицияға жасалған арыз-шағымдар бойынша шешім қабылдаудың әділдігі мен тиімділігі туралы қорытындысы, оттDH(2009)4, 62-79-тармақтар.

⁵⁸ АҚК қызметі туралы он төртінші жалпы есепті қараңыз, СРТ/Іnf (2004) 28, 32-тармақ; *Стамбұлдық хаттама*, 74-тармақ; *Стамбұлдық қағидаттар*, 2-тармақ; адам құқықтары жөніндегі ЕК Комиссарының қорытындысы, 63-66-тармақтар.

⁵⁹ *Ребоктың* Словенияға қарсы ісін қараңыз, АҚЕС «28» қарашадағы, 2000 жылғы шешімі, № 29462/95 арыз, 74-тармақ; *Михеев* Ресейге қарсы, АҚЕС «26» қаңтардағы, 2006 жылғы шешімі, № 77617/01 арыз, 115-тармақ.

⁶⁰ *Барабанщиковтың* Ресейге қарсы ісін қараңыз, АҚЕС «8» қаңтардағы, 2009 жылғы шешімі, № 36220/02 арыз, 48-тармақ; *Тотеваның* Болгарияға қарсы ісі, АҚЕС «19» мамырдағы 2004 жылғы шешімі, № 42027/98 арыз, 63-тармақ; ЕАҚК Албанияда «23» мамырдан бастап «3» маусым аралығында 2005 жылы болғандығы туралы есеп, СРТ/Іnf (2006) 24, 50-тармақ.

⁶¹ *Михеев* Ресейге қарсы, АҚЕС «26» қаңтардағы, 2006 жылғы шешімі, № 77617/01 арыз, 116-тармақ. Сот куәгерлерді іздеуді жүктеген полиция қызметкерінің тәуелсіз болмағандығын анықтады.

⁶² Осылайша АҚЕС сот-медициналық сарапшының формалды түрде де, de facto түрде де тәуелсіз болуын талап етеді, арнайы дайындығының, сондай-ақ өкілеттілігі кең мандатының болуын талап етеді. *Барбанщиков* Ресейге қарсы, «8» қаңтардағы 2009 жылғы шешім, № 36220/02 арыз, 62-тармақ.

Тәуелсіздік критерийлеріне сай болу полиция және басқа құқық қорғау органдары немесе әлеуетті құрылымдар тарапынан болатын жәбірлеуді, қатыгездікті және басқа да құқық бұзушылықтарды зерттеу бойынша мемлекет ішілік жүйе мен механизмдер қалыптастыру барысында басты назар аударылатын негізгі факторлардың бірі болып отыр.⁶⁵

Бұл үшін иерархиялық және институционалдық байланыстардың болмауы ғана емес, іс жүзіндегі тәуелсіздік те қажет.⁶⁶ Бұл негізінен институционалдық тәуелсіз лауазымды тұлғалардың құқық бұзушылыққа қатысты бар тұлғалардың беретін мәліметтеріне ғана сүйенетін жағдайларына, болмаса тергеу амалдарын аталған тұлғалар мүше болып табылатын бөлімшелер атқаратын жағдайларға қатысты.⁶⁷

Тиісті құқық қорғау ведомстваларының (соның ішінде орталық органдар да бар) тәуелсіздік талаптарына сай келмейтін жеке немесе ішкі қауіпсіздік қызметтерінің мойындалу тенденциясының байқалатындығын атап айту керек.⁶⁸

32. Мұқияттық – «барлық тиісті әрекеттерді» орындау және қойылған мақсатқа жету үшін қажетті жағдай жасау бойынша жалпы ережелер. Мұқияттық критерийін сақтау үшін тергеу әрекеттерінің қорытынды әрі нақты тізімін қалыптастыру мүмкін емес. Көптеген халықаралық құралдарда дағды бойынша орындалуы тиіс тергеу амалдарына қатысты түсініктемелер берілген.⁶⁹

Қатігездік пен жәбірлеуді дәлелдеу бойынша жиналатын дәйектемелердің стандартты жиынтығына⁷⁰ жәбірленушілердің толық және жеткілікті түсініктері жатады; олардың медициналық тексерістерінің нәтижелері, негізінен сот-медициналық тексеріс болғаны дұрыс; жауаптары, сондай-ақ қажетті жағдайларда қатысты тұлғаларды анықтау; куәгерлердің түсініктері, мүмкіндік бойынша куәгерлер қатарына қамаудағы басқа да тұлғаларды, күзетшілерді, қоғам өкілдерін, тәртіп сақтау органдарының лауазымды тұлғаларын қосу керек; айғақтар табу мақсатында оқиға орнын тексеру, айғаққа жәбірлеу барысында қолданылған құрал да жатады; қамауға алу тарихымен және оның есепке алынуымен танысу; қабылданған шешімдермен, іс материалдарымен және басқа да оқиғаға байланысы бар құжаттамалармен танысу.⁷¹

Дәлелдемелердің ішкі іс жүргізу нормаларына сай жинақталуы керек, ал тергеулердің аталған нормаға сай жүргізілуі керек. Сот өндірісі барысында сәтсіздікке ұшырататын іс

⁶³ *Рамсахай және басқалар Нидерландыға қарсы*, «15» мамырдағы, 2007 жылғы шешім, № 52391/99 арыз, 62-63-тармақтар; *Барбаничиков Ресейге қарсы*, «8» қаңтардағы, 2009 жылғы шешім, № 36220/02 арыз, 62-63-тармақтар.

⁶⁴ *Ипек Түркияға қарсы*, «17» ақпандағы, 2004 жылғы шешім, № 25760/94 арыз, 207-тармақ.

⁶⁵ Осы қорытындының келесі тарауын қараңыз.

⁶⁶ *Рехбок Словенияға қарсы*, «28» қарашадағы, 2000 жылғы шешім, № 29462/95 арыз, 74-тармақ. *Михеев Ресейге қарсы*, «26» қаңтардағы, 2006 жылғы шешім, № 77617/01 арыз, 115-тармақ.

⁶⁷ *Гхарибашвили Грузияға қарсы*, «29» шілдедегі, 2008 жылғы шешім, № 11830/03 арыз, 73-тармақ.

⁶⁸ Қазақстан Республикасының екінші кезеңдік баяндамасын талқылау нәтижелері бойынша 2008 жылдың «12» желтоқсанындағы қорытынды ескертпелердің 10-тармағын қараңыз, CAT/C/KAZ/CO/2, 24-параграф; АҚК Герасимовтың Қазақстан Республикасына қарсы ісі бойынша пікірі, CAT/C/48/D/433/2010. «10» шілдедегі, 2012 жылғы шешім, 12.3-12.5-тармақтар.

⁶⁹ Стамбұлдық хаттама, 88-106-тармақтар; Адам құқықтары жөніндегі Еуропа Кеңесі Комиссарының қорытындысы, 69-т; АҚК қызметі туралы он төртінші жалпы есеп, CPT/Inf (2004) 28. 33-т.

⁷⁰ См. *Хадисов и Цечоев против России*, Решение АҚЕС от 5 февраля 2009, жалоба № 21519/02, пункт 114; *Бати және басқалар Түркияға қарсы*, АҚЕС «3» маусымдағы 2004 жылғы шешімі, №№ 33097/96 және 57834/00 арыздар, 134-тармақ; Стамбұлдық хаттама, 88-106-тармақтар; АҚЕКК қорытындылары, 69-тармақ; АҚКП қызметі туралы он төртінші жалпы есеп, CPT/Inf (2004) 28. 33-тармақ.

⁷¹ Қатыгездік әрекеттерін жеке тергеу кейбір қосымша немесе арнайы тергеу әрекеттерін немесе үрдістерін талап етуі мүмкін.

жүргізу кемшіліктері белгілі оқиға бойынша дәлелдемелердің тұтастығын қамтамасыз етуге бағытталған тиісті шаралардың толық орындалмауын білдіреді. Тергеу барысында жіберілетін кемшіліктер және дәлелдемелер мен олардың құндылықтарын жоюға соқтыратын қателіктер тиімді тергеу-тексеру стандарттарының талаптарын бұзу ретінде қарастырылады.⁷²

Қатыгездік пен жәбірлеуге қатысты мәліметтер мен дәлелдемелердің мұқият, кезекпен және адал бағалануы керек. Шешімдер тек қана құқық қорғау органдары өкілдерінің және мүдделі тұлғалардың түсініктеріне негізделуі керек, шешім сенім білдіру негізінде қабылданбайды.⁷³

33. Жеделдік дегеніміз тергеудің де, ықтимал сот өндірісінің де дер кезінде және қалыпты жылдамдықта орындалуын білдіреді. Бұл талапты қажетті дәлелдемелерді жинақтау бойынша атқарылатын тергеу әрекеттеріне қатысты сақтау керек, соның ішінде уақыт өткен сайын жойылуы немесе маңыздылығының кемуі мүмкін дәлелдемелер де бар, қорытынды шешім қабылдау және қатысты тұлғаларға жаза тағайындау үрдістерін сақтау бойынша да осы талапты орындау керек.⁷⁴

Сәйкесінше, уақыттылық – медициналық тексерістердің тиімділігінің негізгі факторы,⁷⁵ сондай-ақ куәгерлердің түсініктерінің маңыздылығы мен нақтылығының негізгі факторы.⁷⁶ Уақыттылық алдын ала тергеу амалдарының басынан бастап ресми іс өндірісінің басталатын уақытына дейін сақталуы тиіс шарт, сондай-ақ бұл талапты басқа да кезектік кезеңдерде сақтау керек, соның ішінде сот әрекеттерінің кезеңдері де бар. Нақты мерзімдер анықталмайды, дегенмен, стандарт талаптарын сақтау дегеніміз «шартты мерзім» тұжырымдамасын білдіреді, бірақ «ерекше мұқияттылық» пен «ерекше жеделдікті» талап етеді.⁷⁷ Аталған көрсеткіштерді бағалау негізінен іс барысына негізделеді.⁷⁸ Мерзімнің өтіп кетуіне соқтыратын баяулатушылық ең нашар олқылық деп танылады.⁷⁹

Уақыттылық талабы мемлекеттің қатыгездік пен жазасыздыққа қарсы күресуге дайын екендігін көрсетуге тікелей байланысты. Кез-келген заңсыз баяулатушылық азаптау мен зорлық-зомбылыққа жол беру деп танылуы мүмкін.

34. Құзырдың жеткіліктілігі тергеу органдарында іс бойынша айғақтарды анықтауға барлық құзырдың болуын білдіреді және қажет болған жағдайда айыптыларды анықтау мен оларды жазалау құзыры да беріледі. Тергеу барысында ешқандай заңдық немесе тәжірибелік кедергілердің болмауы керек. Оларға тәртіп сақтау органдарының лауазымды тұлғаларының белгілі тобына қатысты тергеу жүргізуге тыйым салатын орынсыз арнайы нормалар жатады.

Стандарттардың осы санатына тергеудің іс жүргізушілік форматының арыз-шағымның мәнісіне, оқиғаға, әсіресе барлық қажетті тергеу амалдарын атқаруға өкілеттілікке сай

⁷² *Маслова және Набалданов* Ресейге қарсы, *Михеев* Ресейге қарсы, «24» қаңтардағы, 2008 жылғы шешім, № 839/02 арыз, 95-тармақ.

⁷³ Еуропа Кеңесі Комиисарының полицияға жасалған арыз-шағымдар бойынша шешім қабылдаудың әділдігі мен тиімділігі туралы қорытындысын қараңыз, ommDH(2009)4, п. 69.

⁷⁴ Стамбұлдық хаттаманы қараңыз, 14, 83, 179-тармақтар; АҚК қызметі туралы он төртінші жалпы есеп, CPT/Inf (2004) 28. 29-тармақ. Еуропа Кеңесі Комиисарының полицияға жасалған арыз-шағымдар бойынша шешім қабылдаудың әділдігі мен тиімділігі туралы қорытындысы, ommDH(2009)4, 70-73-тармақтар. *Михеев* Ресейге қарсы, АҚЕС «26» қаңтардағы, 2006 жылғы шешімі, № 77617/01 арыз, 109-тармақ; *Йаман* Түркияға қарсы, АҚЕС «2» қарашадағы, 2004 жылғы шешімі, № 32446/96 арыз, 57, 59-тармақтар.

⁷⁵ Самбұлдық хаттаманың 104-тармағын қараңыз.

⁷⁶ *Михеев* Ресейге қарсы, «26» қаңтардағы, 2006 жылғы шешім, № 77617/01 арыз, 113-тармақ. Сондай-ақ 114-тармақты да қараңыз.

⁷⁷ *Вемхофф Германияға қарсы*, АҚЕС «27» маусымдағы, 1968 жылғы шешімі, 17-тармақ.

⁷⁸ *Скотт Испанияға қарсы*, АҚЕС «18» желтоқсандағы 1996 жылғы шешімі, 17-тармақ.

⁷⁹ *Инделикато Италияға қарсы*, АҚЕС «18» қазандағы, 2001 жылғы шешімі, 37-тармақ; *Бати және басқалар* Түркияға қарсы, АҚЕС «3» маусымдағы, 2004 жылғы шешімі, 136-тармақ.

болуын жатқызуға болады. Мұның неғұрлым көрнекі мысалы ретінде көптеген юрисдикцияларда сақталып қалған тергеуге дейін орындалатын әрекет форматтарының, демек қозғалған қылмыстық істің (іс өндірісінің) сәйкессіздігін айтуға болады, осындай әрекеттер барысында сараптама жасау, көзбе-көз беттестіру және тек қана алдын ала тергеу амалдары төңірегінде атқарылатын басқа да әрекеттерді жүзеге асыру қарастырылмайды. Көптеген елдерге қатысты АҚЕС жалпы ереже қалыптастырды, тергеуге дейінгі амалдардың форматының қиянат жасауды тиісті тергеуді қамтамасыз ете алмайтындығы анықталды.⁸⁰

Тергеу органдары ықтимал жәбірленушілерді немесе іске қатысы бар басқа да мүдделі тұлғаларды қорқытуға немесе оларға басқа да амалдармен қысым көрсетуге жол бермеу мақсатында тергеудегі тұлғаларды қызметтік міндеттемелерін орындаудан уақытша шеттету немесе белгілі іс жүргізуін уақытша тоқтату құқығына ие болуы.⁸¹ «Тергеуге байланысты туындауы мүмкін жәбірлеуден, жәбірлеу арқылы қорқытудан және қорқытып-үркітудің басқа да түрлерінен» қорғау бойынша нормалар Стамбұлдық хаттамада неғұрлым ажыратылған мазмұнда көрсетілген.⁸²

Шағымды қайтып алу әрі қарай тергеу амалдарын жалғастыруды тоқтатуға себеп бола алмайды. Арызды қайтып алу іске қатысы бар басқа да барлық жағдайлармен және дәлелдемелермен бірге қарастырылуы керек.⁸³

35. Қоғам тарапынан бақылауға кемінде азаптаудан, зорлық-зомбылықтан зардап шеккен (ресми түрде анықталғандары ғана емес) ықтимал жәбірленушілердің және/немесе олардың өкілдерінің (қорғаушыларының) тергеу әрекеттеріне олардың заңды мүдделері мен құқықтары үшін қажетті дәрежеде қатыстырылуы жатады. Зардап шегушілердің белгілі шаралар атқаруды талап ету құқығы және қажет жағдайларда белгілі тергеу амалдарына қатысу құқығы болуы керек. Оларға тергеу амалдарының барысы туралы және оларға байланысты қабылданатын барлық шешімдер туралы үнемі мәлімдеме жасалып тұруы тиіс. Қажет деп танылған жағдайларда оларға заңгерлік көмектің көрсетілуі керек, сондай-ақ тергеу органдарының әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне жариялы және салыстырмалы сот үрдістері жолымен шағымдануға құқылы.⁸⁴

Ерекше маңызға ие жағдайларда және ерекше оқиғалар орын алғанда қоғам тарапынан болатын бақылауды қамтамасыз ету үшін ашық (жариялы) сот үрдісінің талап етілуі мүмкін, соның ішінде парламенттік немесе басқа арнайы комиссия және үрдіс түрінде болатын формат та бар.⁸⁵

⁸⁰ *Левинца Молдовияға қарсы*, АҚЕС «16» желтоқсандағы, 2008 жылғы шешімі, 81- 83-тармақтар; *Тарабурка Молдовияға қарсы*, АҚЕС «6» желтоқсандағы, 2011 жылғы шешімі, 57-59-тармақтар.

⁸¹ *Яман Түркияға қарсы*, АҚЕС «2» қарашадағы, 2004 жылғы шешімі, № 32446/96 арыз, 55-тармақ. *Бекос және Кутропулос Грецияға қарсы*, АҚЕС «13» желтоқсандағы, 2005 жылғы шешімі, № 15250/02 арыз, 54-тармақ.

⁸² *Ibid*, 80, 88,-97, 99, 112, 113-тармақтар.

⁸³ *Читаев және Читаев Ресейге қарсы*, АҚЕС «18» қаңтардағы, 2007 жылғы шешімі, № 59334/00 арыз, 164-тармақ.

⁸⁴ ЕАҚК қызметі туралы 14-жалпы есепті қараңыз, СРТ/Inf (2004) 28, 36-тармақ; *Огнянова және Чобан Болгарияға қарсы*, АҚЕС «23» ақпандағы, 2006 жылғы шешімі, 115-тармақ; *Читаев және Читаев Ресейге қарсы*, АҚЕС «18» қаңтардағы, 2007 жылғы шешімі, 165-тармақ; *Хью Джордан Біріккен Әмірлікке қарсы*, АҚЕС «4» мамырдағы, 2001 жылғы шешімі, 132-тармақ; *Хадисов және Цечоев Ресейге қарсы*, АҚЕС «5» ақпандағы, 2009 жылғы шешімі, 122-тармақ; *Гхарибашвили Грузияға қарсы*, АҚЕС «29» шілдедегі, 2008 жылғы шешімі, 74-тармақ; *Рамишвили және Кохреидзе Грузияға қарсы*, АҚЕС «27» қаңтардағы, 2009 жылғы шешімі, 80-тармақ.

⁸⁵ ЕАҚК қызметі туралы 14-жалпы есепті қараңыз, СРТ/Inf (2004) 28, 36-тармақ.

- **Қиянат жасау оқиғаларын зерттеудің институционалдық жүйесі, заңнама және оны сақтау тәжірибесі**

36. Азаптауға қарсы Конвенция бойынша Қазақстанның жасаған баяндамаларын талдау үрдістері төңірегінде АҚК қатыгездікті тергеудің шарттылығы, орындылығы мәселелерімен тоғысты. Әсіресе, екінші кезеңдік баяндаманы талқылау бойынша жасалған қорытынды ескертпелерде ол полиция тарапынан болатын зорлық-зомбылық пен қатігездікке жасалатын шағымды алдын-ала тергеу (алдын-ала қарастыру) бойынша тәжірибенің осалдығын баса айтты, себебі оларды полиция қызметі бағынышты болып табылатын билік жүйесіне қарасты жеке қауіпсіздік департаменті орындаған. Мұндай тергеудің уақытты және әділ болып саналмайтындығы көрсетілді. Сонымен қатар, Комитет азаптауға қатысты арыздар мен шағымдарды тергеу бойынша тергеуге (тексеруге) дейін атқарылатын әрекеттерді жүзеге асыру мерзімінің ұзақтығы, кей жағдайларда тіпті екі айға созылуының дәлелдемелердің дер кезінде құжаттамалануына кедергі болатындығы көрсетілді. Ол тергеудің уақытты, әділ және тиімді болуы үшін толықтай тәуелсіз органмен жүзеге асырылуының керектігін нұсқады.⁸⁶

37. Неғұрлым толық тәжірибе және жәбірлеу оқиғаларын тергеу туралы бұрынғы заңнамалық қор БҰҰ зорлық-зомбылық мәселелері туралы Арнайы баяндамашысының жұмыстарында мазсұндалды. Өзінің 2009 жылы келгенде атқарған зерттеулері нәтижесінде жасаған баяндамасында ол заңның арыз-шағым берудің бірнеше механизмін ұсынатындығын айтты (Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 177, 183.1 және 184-баптары және Қылмыстық атқару Кодексінің 10.2-бабы). Қылмыстық іс жүргізу Кодексінің 183-бабында кез-келген қылмыс туралы арызды тіркеудің міндетті екендігі қарастырылған. Қылмыстық іс жүргізу Кодексінің 192.4-1-бабында Қылмыстық Кодекстің 347-1 – бабына сай келетін істер қарастырылған (бұрынғы басылымында азаптау мен зорлық-зомбылық деп көрсетілген),⁸⁷ алдын-ала тергеу амалдарын қылмыстық істі қозғаған ішкі істер органдары немесе ұлттық қауіпсіздік органдары жүзеге асырады. Заң осындай тергеу амалдарын қай органның жүзеге асыратындығын нақтыламаған; көптеген жағдайларда полиция өздерінің қызметкерлерінің жасауы ықтимал деп табылған жәбірлеу әрекеттеріне қатысты мәлімдемелерді тексерген; бұл ұлттық қауіпсіздік Комитетіне де, қаржы полициясына да қатысты.⁸⁸ Сапар барысында алынған ақпараттарға сай зорлық-зомбылық бойынша 347.1-бап негізінде қозғалған жалғыз іс анықталды (2011 жылы 141-1-бапқа алмастырылды). Дегенмен бұны тек алғашқы қадам ретінде қарастыру ұсынылды. Баяндамашының пікірі және тұжырымы бойынша ресми түрде қозғалған істер саны елдегі зорлық-зомбылық және қатыгездік әрекеттерінің орын алу жиілігіне мүлде сай келмейді. Оның үстіне жазалардың көлемінің қылмыстың ауырлығына сай еместігі анықталды.⁸⁹

Осы жағдайға байланысты Қазақстанда аталған кезеңнен кейін де құқық қорғау органдары қызметкерлерінің тарапынан болатын жәбірлеу үшін қылмыстық қудалаудың жүзеге асырылу ахуалының біршама жақсарғандығын айтуға болады, бірақ оның превентивтік тиімділігі тағайындалатын жазаның сәйкессіздігінен төмендеп отыр.⁹⁰

38. Осы күнге дейін Қазақстанға қарсы АҚК қарастырған жалғыз шағым - аталып өткен Герасимовтың ісі негізінен 2007-2010 жылдарға қарасты, ол кезде 2011 жылы заңнамаларға

⁸⁶ CAT/C/KAZ/CO/2, 24-параграф.

⁸⁷ Автордың ескертпесі.

⁸⁸ Адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы мәселелер бойынша Арнайы Баяндамашы Манфред Новактің баяндамасы. Қазақстанға миссия. A/HRC/13/39/Add.3. 49-50-тармақтар.

⁸⁹ Сол жерде 61-62-тармақтар.

⁹⁰ Осы қорытындының 8-тармағын жоғарыдан қараңыз.

енгізілген өзгертулер көрініс тапқан жоқ.⁹¹ Дегенмен, енгізілген өзгертулер қамтымаған аспектер де бар.⁹²

Мәселен, тергеуге дейінгі тексеріс амалдарын шағым жасаушы арыз жазып отырған тұлғалар байланысты болып табылатын ішкі істер органдарының бөлімшелері жүзеге асырған; одан кейінгі тексерулер (қылмыстық іс қозғауды тоқтату туралы қаулыны жоюдан соң) жоғары санатты бөлімге берілсе де (облыстық ішкі істер Департаментінің жеке қауіпсіздік Басқармасына) ол бөлім сол ведомстваға қарасты болған; тек содан кейін ғана тергеуді экономикалық қылмыс пен жемқорлыққа қарсы күрес департаменті орындаған.⁹³

Тәуелсіздіктің институционалдық және басқа да аспектеріне қоса, сондай-ақ арызданушы мен оның отбасына келтірілетін үрейлерді қоса ескергенде бұл іс тергеудің мұқияттылығы мен уақыттылығы бойынша кемшіліктің жіберілгендігін байқатты. Атап айтсақ тергеу жүргізудің негізсіз кешіктіру және сот-медициналық тексерудің толық болмауы; жәбірленушінің кейбір сараптама материалдарымен таныс болмауы; қылмыстық істің кеш қозғалуы орын алған (шағымданушы АҚК жүгінгеннен кейін Бас прокуратура 347-1 бап бойынша іс қозғады), осыдан кейін ғана (шамамен төрт жыл өткеннен кейін ғана) бетпе-бет кездесулер мен кейбір тергеу амалдары орындалған.⁹⁴

39. ҚК 141-1 бабының 2011 жылдың қаңтарында енгізілуімен қатар Қазақстанның қылмыстық іс жүргізу заңнамаларына да өзгертулер енгізілді. Осы санаттағы істерді тергеу (ҚК 192-бабының 4-бөліміне сай) Қаржы полициясының құзырына немесе іс қозғалған тұлға жататын ведомстваға байланысты ішкі істер органдарына берілді. Бұл критерий ықтимал түрде олардың өздерінің қызметкерлеріне қарсы қылмыстық іс жүргізулері керек дегенді білдіреді.

Соған қоса ҚК 347-бабында қарастырылған қылмыстың шектес құрамының (түсінік беруге мәжбүрлеу), осы екі органның құзырына жатқызылған болса, мұндай «қиылыспа» келісімді білдірмейтіндігі назар аудартады. Осылайша, аталған екі ведомстваның өз қызметкерлеріне қарсы қозғалған істер бойынша тергеу-тексеру амалдарын орындай алатындығы көрсетілген.

Қылмыстық іс жүргізу заңнамаларында тергеуге алушылыққа қатысты өзгертулер де орын алды, бұл өзгертулер қызмет бабын асыра пайдалануға қатысты (ҚК 307 және 308-баптары), бұлар да қаржы полициясы органдарының құзырына жатқызылған.

40. Зорлық-зомбылыққа қатысты істерді тергеуге алудың аталған өзгертулерінің жоғарыда мазмұндап өткен басқа да ұсыныстардың көрінісі болып отырғандығы анық. Тергеуді институционалдық тәуелсіз, бірақ құқық қорғау (билік) органының тиісті транспаренттілік элементтері болмағанда жүзеге асыруы, қоғамды жүйелі түрде қатыстыру халықтың сеніміне толық енуге мүмкіндік бермейді. Кейбір юрисдикцияларда тиісті органдардың атқару билігіне қарасты болуын да халықаралық механизмдер толықтай тәуелсіз деп таныған жоқ.⁹⁵ Бұл аспект тиісті түрде атқару билігінен тыс тергеудің мемлекет ішілік үлгілерін қалыптастыру барысында ескерілді.⁹⁶

Енгізілген осындай өзгертулерге қарамастан тергеуге алу, демек зорлық-зомбылық, жәбірлеу бойынша қозғалған, қаржы полициясының қарауына берілген істер бойынша қолданыстағы

⁹¹ CAT/C/48/D/433/2010. «10» шілдедегі, 2012 жылғы шешім.

⁹² Осы қорытындының келесі параграфын қараңыз.

⁹³ CAT/C/48/D/433/2010. «10» шілдедегі, 2012 жылғы шешім, 12.3-12.5., 12.7-тармақтар және істің нақты жағдайларын көздейтін тиісті тармақтар.

⁹⁴ Сол жерде.

⁹⁵ *Барбу Ангелеску Румынияға қарсы*, АҚЕС «5» қазандағы, 2004 жылғы шешімі.

⁹⁶ Осы қорытындының келесі тарауын қараңыз.

жүйенің негізгі кемшілігі тәуелсіз органның болмауы деп атап көрсетті, сауалнамаға қатысқан қорғаушылар.

41. Адам құқықтары бойынша өкілетті (2002 жылы президенттік қаулымен қалыптастырылған лауазым) тұлға осындай сипаттағы арыз-шағымдарды қабылдауға құзырланған, оларды тиісті органдарға сай келетін әкімшілік шара қолдану немесе ықтимал құқық бұзушыларға қатысты қылмыстық іс қозғау өтінішімен бағыттап алады, өзінің қызметтік сипаты бойынша тергеу жүргізу органы болып табылмайды. БҰҰ азаптауға қарсы Арнайы баяндамашы осы өкілетті тұлғаның 2008 жылы полиция қызметкерлеріне қатысты 38 арыз алғандығын айтты, олар ұсталған тұлғалардың адами қадір-қасиеттеріне нұқсан келтірген, аталған арыздар Ішкі істер Министрлігінің жеке қауіпсіздік Департаментіне берілді. Бұл Департамент жасаған талдау азаматтардың өтініштерінде көрсетілген айғақтардың он жағдайының сегізінде оқиғалар расталмаған.⁹⁷

Мұндай қызметтерге қатысты априори бас бостандығынан айыратын орындардың қоғамдық мониторингімен айналысатын құрылымдарға берілмеуі керек және берілмейді.

Осылайша, БҰҰ азаптау мәселелері жөніндегі Арнайы баяндамашысының елде жедел тергеу амалдарын жүргізетін тәуелсіз органның жоқтығы туралы пікірі шешілмеген мәселе күйінде қалып отыр.⁹⁸

42. Соған қоса халықаралық мониторингтік механизмдер де, кейбір қорғаушылар да тергеуге қатысты өкілеттілік пен құзырды қайта бөлу оның тексеру барысында үнемі сақталуын қамтамасыз ете алмайды. Өсіресе қылмыстық іс жүргізу төңірегінде тыс зорлық-зомбылық туралы жасалатын шағымдар көбінесе бұрығыша, бастапқы кезде құқық қорғау ведомстваларының қауіпсіздік басқармаларымен тексеріледі.

Тергеу мен тексеруді басқа органдардың жүзеге асыратын жағдайлары да кездеседі (қазіргі кезде қаржы полициясы), бірақ олар қиянат жасаушы тұлғалар кіретін ведомствалардың қызметтік тергеу нәтижелеріне жүгінеді.

Тәуелсіздік талабы осындай шағымдарға қатысты оқиғалардың ведомстваның өзімен тексерілуіне тыйым салмайды, бұл тәуелсіз органның дереу тергеу амалдарын жүзеге асыруымен алмастырылмауы керек. Қызметтік тексерістерді ведомства ішілік мақсаттарда атқаруға болады және осындай мақсаттарда атқару керек.

43. Қылмыстық қудалау және айыпталушылардың шағымдануы төңірегіндегі зорлық-зомбылыққа (қатігездікке) қатысты арыздарға келетін болсақ, ҚІК 108-бабының 1 және 2-бөлімдеріне сай олар беріледі және оларды қысқа мерзімде болса да (5 тәулік ішінде және ерекше жағдайларда 15 тәулік ішінде) алдын-ала тергеу және түсінік алу өндірісі барысында заңның сақталуына бақылау жасайтын прокурор тексереді. Дегенмен, прокурордың мұндай қызметтері тәуелсіздік пен әділеттілік стандартына сәйкестікті жояды.

Соған қоса, қылмыстық істері ұқсас кезеңдегі басқа да мемлекеттергідей тергеуге дейінгі тексеріс амалдарының аясы мен шектеулі форматы көптеген жағдайларда қажетті тергеу амалдарының толық құрамын жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді, салдарынан Герасимовтың Қазақстанға қарсы ісіндегідей мұқияттылық және/немесе уақыттылық стандарттары бұзылады. Іс қозғауды кейінге қалдыру көбінесе тергеу бөлімшелері

⁹⁷ Адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы мәселелер бойынша Арнайы Баяндамашы Манфред Новактің баяндамасы. Қазақстанға миссия. A/HRC/13/39/Add.3. 50-т.

⁹⁸ Сол жерде, 39-т.

жұмысының ескірген көрсеткіштеріне байланысты, онда тоқтатылған істердің көбісі кері сипаттама болып саналады.⁹⁹

Тексерулер мен тергеудің мұқияттылығы мен уақыттылығына қатысты басқа да кемшіліктер мен олқылықтарды жоба тәңірегінде сауалнамаға ақатысқан қорғаушылардың да басым көпшілігі атап өткен.

44. Осындай тұжырымдамаларға байланысты нақтылықтарды Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2009 жылдың «28» желтоқсанында қабылдаған №7 Нормативтік Қаулысына да енгізген абзал. 13-тармақта Адам оған қинау, зорлық-зомбылық жене басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер қолданылғаны туралы шағымды сот отырысында мәлімдеген жағдайда сот оны дереу қарау үшін заңда қарастырылған шараларды қабылдауға міндетті. Егер шағымды толық тексеру үшін соттың құзыретіне кірмейтін шараларды (тергеуге дейінгі тексеру, іс қозғау, анықтау не тергеу жүргізу және т.с.с.) жүзеге асыру қажет болса, сот шағым бойынша тиісті тексеру жүргізуді прокурорға жүктеп, тексеру материалдарын сотқа табыс ету мерзімдерін көрсете отырып қаулы шығарады. Шағымдарды тексеру материалдары және олар бойынша қабылданған іс жүргізу шешімдері сот отырысында жария етіледі және іс материалдарына тіркеледі деп көрсетілген.

Кейбір қорғаушылардың растамаларына сай осы қаулыға қарамастан іс материалдарына көбінесе барлық материалдар емес, тексеру мен тергеу бойынша қабылданған шешімдер ғана қабылданады. Оның үстіне осындай шешімдерге шағым жасалып отырған зорлық-зомбылық туралы алынған немесе оларға байланысты дәлелдемелердің қолданылуына қатысты белгілі преюдициялық маңыз беріледі. Осылайша соттар зорлық-зомбылық пен қатыгездік үшін айыптыларды қылмыстық қудалау мен тиісті ұйғарымдар негізінде күмән келтірілген дәлелдемелердің шарттылығы арасындағы ерекшеліктер мен айырмашылық критерийлерін ескермейді.

Сондай-ақ аталған қаулы айыпты қолдауға қатысты жауапкершіліктің зорлық-зомбылыққа қатысты арызға қайшы болатын мәселелері бойынша шешім қабылдау барысында прокурордың әділ болуын да қамтамасыз ете алмайды, бұл кемінді бірінші қызметті жүзеге асыруды қиындатады.

45. Ішкі істер органдарының немесе басқа да құқық қорғау ведомстваларының қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне шағымданатын тұлғаларды қорқыту немесе қылмыстық қудалау белгілерінің көптігіне байланысты ҚІК 15-бабының 3-бөлімін қолдану белсенділігінің төмендігі келеңсіз жағдай туындатады, оған сәйкес жәбірленушіні, куәні немесе қылмыстық процеске қатысушы өзге де адамдарды, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерін немесе өзге де жақын туыстарын өлтірумен, күш қолданумен, мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен, не өзге де заңға қарсы қауіпті әрекеттермен қорқытқандығына жеткілікті негіздер болған кезде қылмыстық процесті жүргізуші орган өз құзыреті шегінде бұл адамдардың өмірін, денсаулығын, абыройын, қадір-қасиетін және мүлкін қорғауға заңда көзделген шараларды қолдануға міндетті.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты зорлық-зомбылық және қатігездік бойынша немесе орларға қатысты құқық бұзушылықтар бойынша жауапқа тартылатын қызметкерлерді әкімшілік шеттету (қылмыстық іс жүргізу кодексіне қарағанда басқарушылық) сияқты шара қолданудың кезектілігі мен шарттылығының жеткіліксіздігі анықталады.

⁹⁹ Э. Сванидзе, Зорлық – зомбылықпен және жазасыздықпен күресу, қатыгездікті тергеудің тиімділігі. Әзірбайжан бойынша баяндамасы. Еуропа Кеңесі. Баку, 2010 (Әзірбайжан тіліне аудармасы), 110-бет; Э. Сванидзе, Зорлық – зомбылықпен және жазасыздықпен күресу, қатыгездікті тергеудің тиімділігі. Молдавия бойынша баяндамасы. Еуропа Кеңесі. Кишинев, 2009 (Румыния тіліне аудармасы), 82-бет.

46. Заңнамада, оның ішінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының Нормативтік Қаулысында (22-тармақ) қинау, қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалаудың алдын алу мақсатында соттар қинауды қолдануға жағдай жасайтын себептер мен жайларды анықтап, оларды жою туралы жеке қаулы шығаруы тиіс. Бұл зорлық-зомбылыққа жол берген немесе басқа да амалмен жәбірлеуге ықпал еткен лауазымды тұлғаларға қатысты әкімшілік істердің қозғалуын білдіргенімен, қаулыда қылмыстық-құқықтық үрдістерді, әкімшілік және басқарушылық (әкімшілік) шараларды синхрондаудың қажеттілігі қарастырылмаған.оның үстіне бұның барлық кезеңдерде қылмыстық іс жүргізу төңірегінде қабылданатын шешімдерге қарамастан қамтамасыз етілуі керек.егер тіпті тексеру нәтижелері бойынша қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы шешім қабылданатын болса, қылмыстық іс тоқтатылатын болса, ықтимал әкімшілік немесе басқа да құқық бұзушылықтардың және басқарушылық кемшіліктердің ескерусіз қалдырылмауы керек.

47. Шағымданушылардың тергеуге дейінгі әрекеттерге қатысуын және шақырылуын қамтамасыз ету тәжірибесі туралы деректер де бір-біріне қайшы (қылмыстық істер бойынша жәбірленуші деп танылған тұлғалар ғана емес). Қылмыстық іс жүргізу заңнамасында осы кезеңдегі олардың жалғыз құқықтары нәтижелер бойынша қабылданатын шешімге шағым жасау болып табылатындығы қарастырылған (демек қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулыға қарсылық білдіруге болады). Осындай заңнамалық реттемелерге байланысты материалдармен (қаулымен ғана емес) таныстыру, белгілі тексеру шараларын атқару туралы талаптарды қанағаттандыру және стандарттарда қарастырылған, сондай-ақ шағымданушының заңды мүдделерін тиісті түрде қорғау үшін қажетті басқа да құқықтар тергеу органдарының қарауында қалады.

Соған қоса қатыгездік пен зорлық-зомбылық әрекеттерін растайтын тұлғаларға тиісті заңгерлік көмек көрсетуді анықтайтын нақты талаптар жоқ. Құқықтық көмек ұсталғандарға немесе өздеріне қарсы қылымыстық іс қозғалған айыптыларға көрсетіледі. Зорлық-зомбылық оқиғасын тексеру (тергеу) барысында олардың шағымданушы немесе жәбірленуші болып танылатындығына байланысты бұл аспект тиісті талқылауды талап етеді.

48. Қазақстанның қылмыстық іс жүргізу заңнамасында қарастырылғандай тергеу органдары мен прокурордың қабылдаған шешіміне сот арқылы наразылық білдіру форматы (ҚІК 109-бабы) қандай да бір келіспеушіліктер туындатпайды, себебі онда тараптардың қатысуымен сот отырысын өткізу қарастырылған. Десек те, айтарлықтай кемшілігі мұндай отырыстардың міндетті түрде жабық түрде өткізілуі болып саналады. Жоғарыда атап өткендей, стандартқа сай жалпы ереже ретінде ашықтығы (жариялық сипаты) қалыптасуы керек. Осындай мүдделерді қамтамасыз ету қажеттілігі болғанда ғана жабық түрде өткізуге болады. Осылайша, мұндай сот отырыстарын жабық түрде соттың негізді қаулысы арқылы өткізуге болады.

Осындай шағымдар бойынша бірінші санатты соттардың қабылдайтын шешімдеріне шағым жасау уақытының тым қысқа (3 күндік мерзім) екендігі де (109-баптың 9-тармағы) алаңдатады.¹⁰⁰

49. Жоғарыда мазмұндалған жағдайларға сүйене отырып, сондай-ақ басқа елдердің мемлекет ішілік арнайы тәуелсіз механизмдер қалыптастыру тәжірибесін ескере отырып¹⁰¹ **құқық қорғау органдары тарапынан болатын зорлық-зомбылық пен қатыгездікке жасалатын шағымдарды тергеу-тексеру бойынша тәуелсіздік пен әділеттіліктің халықаралық құқықтық стандарттарына жауап бере алатын, сондай-ақ мұқияттық, уақыттылық, құзырдың жеткілікті болуы және қоғам тарапынан бақылаудың тиісті**

¹⁰⁰ АҚК Герасимовтың Қазақстан Республикасына қарсы ісін қараңыз, CAT/C/48/D/433/2010. «10» шілдедегі, 2012 жылғы шешім, 11.5-тармақ.

¹⁰¹ Осы қорытындының келесі тарауын қараңыз.

түрде орындалуы талаптарына сай келетін арнайы орган (жүйе) қалыптастыру қажет екендігі анықталды.

50. Осындай орган қалыптастырылғанға дейін немесе қалыптасуымен қатар қолданыстағы заңнамалар мен тәжірибені мынадай мақсаттарда жетілдіру керек:

- тәуелсіздік және әділдік талабының бастапқы (тергеуге тдейінгі) тексерулерге де таралуын қамтамасыз ету, атап айтқанда жеке қауіпсіздік департаменті жүзеге асыратын қызметтік тергеумен немесе басқа ведомствалық үрдістермен шектелмеуі керек, сондай-ақ шағымданушының ісіне жауаптылардың немесе құқық қорғау органдарының басқа да бөлімдерінің іске қатысты міндеттемелерінің прокурордың тапсырмасы немесе бақылауы негізінде атқарылуын қамтамасыз ету үшін;

- хабарламалар мен арыздар бойынша, сондай-ақ зорлық-зомбылық туралы басқа да мәліметтер бойынша қылмыстық істерді тиісті тергеу амалдарын дер кезінде атқару қажеттілігін анықтау барысында қозғау үшін, демек уақыттылық, құзырдың жеткіліктілігі және мұқияттық талаптарын сақтау мақсатында, айыптаушы үкім жасай отырып істің аяқталуын күтуге болмайды;

- жәбірленуші деп анықталған тұлғаларға қоса зорлық-зомбылық туралы растама немесе деректер қатысты барлық тұлғаларды тиісті іс жүргізу үрдістерінің форматына қарамастан өздерінің заңды мүдделерін қорғау үшін талап-тілек айту және басқа да іс жүргізушілік құқықтарын пайдалану мүмкіндігімен қамтамасыз ету үшін (соның ішінде тергеуге дейінгі тексерістерді жүргізу барысы да бар);

- құқықтық жәрдемнің (мемлекет атарапынан) зорлық-зомбылыққа шағымданған тұлғаларға жүзеге асырылатын тексерістердің (тергеулердің) шарттары бойынша аталған тұлғалардың шығамдануыша немесе жәбірленуіш болып табылатвндығына қараматсан берілуін қамтамасыз ету;

- жазалау тәжірибесінің азаптау мен зорлық-зомбылықтың аурлығына сай болуын қамтамасыз ету;

- қылмыстық құқықтық, тәртіптік және басқарушылық үрдістер мен зорлық-зомбылаққа қарсы шағымға және олармен байланысты басқа да құқық бұзушалақытарға қатысты шараларды жазасыз қалдармау үшін синхрондау мақсатында (кезекті немесе сыбайлас үрдістер);

- зорлық-зомбылыққа немесе оларға қатысты басқа да құқық бұзушылақтар бойынша айыпталатын қызметкерлердің әкімшілік, тәртіптік (басқарушылық), сондай-ақ қылмыстық іс жүргізушілік шеттетілуі мақсатында, сонымен қатар жәбірленушілерді, куәгерлерді, олардың отбасы мүшелерін және туған-туыстары қудалау мен қорқытудан қорғау бойынша тиісті шаралардың орындалуын қамтамасыз ету;

- ҚУ 347-бабына сай қарастырылатын іс бойынша (түсінік беруге мәжбүрлеу) аталған қылмыс бойынша қызмектерлері айыпталатын ведомствалардың тергеу амалдарын атқаруына жол бермеу үшін «қиылыспа түсініктемені» қарастыру;

- құқық қорғау органдары қызметкерлеріне қатысты қылмыстық іс қозғаудан бас тарту немесе істі тоқтату тәжірибесінің (преюдициясының) соттардың зорлық-зомбылық салдарынан алғандық туралы дәлелдемелерді қарауының автоматты таралуына жол бермеу;

- тергеу органдары мен прокурорлардың шешімдеріне сот арқылы шағымданудың жалпы ережесі ретінде сот отырыстарының (сот тыңдауларының) ашықтығын

қарастыру және тиісті негіз болғанда соттың ерекше талабы бойынша осындай отырыстарды жабық түрде өткізу, сондай-ақ осындай істер бойынша апелляция уақытын ұзарту.

4. Құқық қорғау органдары тарапынан болатын зорлық-зомбылық пен қинау оқиғаларын және басқа да қызметті асыра пайдалану жағдайларын зерттеу бойынша мемлекетшілік жүйе және механизмдер қалыптастыру тәжірибесіне шолу

51. Зорлық-зомбылық пен қинау оқиғаларын және басқа да құқық бұзушылықтарды тергеу тиімділігінің қарастырылған халықаралық құқықтық стандарттарының дұрыс қалыптастырылу үрдісі мен алдағы уақытта «кристаллдануы» салыстырмалы түрде жақында ғана басталды, шамамен 10-15 жыл бұрын. Осы кезеңге құқық қорғау органдары тарапынан болатын зорлық-зомбылықты тергеу-тексеру бойынша мемлекет ішілік арнайы органдар немесе механизмдер қалыптастыру да жатады. Олардың дамуы (стандарттар мен механизмдердің), әсіресе соңғы кезде бір-бірімен сыбайлас болып отыр. Дегенмен, органдардың кейбірінің халықаралық стандарттар нақты қалыптасқанға дейін пайда болғандығын атап айту керек, осыған байланысты құқық қорғау органдарының жұмысының тиімділігін арттырудың қажеттілігі туындады, ал бұған оларға деген жоғалған сенімді қалыпқа келтірусіз немесе кейбір елдердегідей сенімді арттырусыз қол жеткізу мүмкін емес. Кейбір елдерде бұл үрдіске итермелеуші полиция мен құқық қорғау органдары тарапынан жасалатын оқиғалар мен жағдайлар болды. Мысалы Венгрияда мұндай оқиға 2006 жылы манифестанттарға күш қолдану салдарынан орын алды. Данияда орын алған мұндай оқиға полицияның 2007 жыл бойындағы әрекеті салдарынан төрт өлім оқиғасы салдарына байланысты болды.

Қалыптастырылатын мемлекет ішілік механизмдер дәо осы, өте прагматикалық мақсатқа қызмет ететін болады. Халықаралық стандарттардың жалпы сәйкестіктері мен бағыттары туралы осы қорытындының алдыңғы тарауында айтылған.

52. Әрине, стандарты тар мемлекеттік ішілік деңгейде қамтамасыз етілуі тиіс негізгі заңдылықтар мен халықаралық құқықтық нормаларды қарастырады. Дегенмен, оларды пайдалану дербес мемлекеттік құрылымы, құқықтық дәстүрлері, сот жүйесі және т.б. бар жекелеген мемлекеттің нақты саяси және басқа да жағдайларында жүзеге асырылады. Тергеу әрекеттері механизмін қалыптастыру, таңдау және дамыту барысында мемлекет негізгі қағидаттарды (талаптарды) сақтауға міндетті, бірақ олардың институционалдық үлгісіне, іс жүргізушілік форматына немесе басқа да көрсеткіштеріне қатысты «таңдау еркіндігі» бар. Әр мемлекет қоғамды тартудың қандай элементтер жиынтығы, қандай үлгісі, институционалдық тәуелсіздік дәрежесі зорлық-зомбылық пен адам құқығына жасалған басқа да құқық бұзушылықтарды тергеудің тиімділік критерийлерін қамтамасыз ету үшін жеткілікті екендігін анықтайды. Нәтижесінде бүгінгі атнда тергеу механизмдері мен тиісті дайын «түзімдердің» ұқсас үлгілері бар.

Әдебиеттерде және жалпылама ақпараттарда осындай механизмдер мен үлгілердің әр түрлі жіктемелері берілген.¹⁰² Мысалы, полицияға қатысты сыртқы органдардың түрлерінің қоғамдық элементтерді тарта отырғандағы үлгісін үшке ажырату ұсынылған: қоғамдық (азаматтық) қарау үлгісі, оған тергеу (шешім қабылдау) және жаза ұсыну жатады; қоғамдық қатысу, арыздарды тіркеу мен тексеру жатады; азаматтық мониторинг, арыздардың

¹⁰² Smith, G., Every complaint matters: Human Rights Commissioner's opinion concerning independent and effective determination of complaints against the police, International Journal of Law қараңыз, Crime and Justice (2010), doi:10.1016/j.ijlcrj.2010.03.001, 5-9-беттер, сілтемелерімен.

тексерілуін қадағалау.¹⁰³ Дегенмен, бұл жіктемелер толық емес және қылмыстық іс жүргізу аспектілері тұрғысынан қарағанда сай үлгі мен механизмдер қамтамасыз етілмеген.

Адам құқықтарына қатысты халықаралық құқық стандарттарын сақтай отырып және жалпы тенденцияларға басты назар аудара отырып белгілі істерді, арыздарды, оқиғаларды тергеу, белгілі тұлғаларды жауапкершілікке тарту әдістерін түсіндіру мақсатында тәуелсіздік пен әділдіктің институционалдық кепілдіктеріне басты маңыздылық берілуі керек, ал бірқатар жағдайларда аталған көрнекіліктің мүдделі тарапқа да, тұтас қоғамға да ашық болуы керек.¹⁰⁴

Бұл орайда неғұрлым көрнекті ретінде мемлекеттік органдар жүйесінде қолданылып жүрген механизмдер, олардың биліктің атқарушы тармағымен сыбайластығы, әсіресе полициямен және басқа да құқық қорғау ведомстваларымен байланысы танылады. Қалыптасқан тәжірибенің ауқымы кең. Бір шетінен бұл полиция қызметкерлеріне қатысты сыртқы орган жасақтаудың қажеттілігі, бірақ үкіметпен немесе жоғарғы азаматтық министрлікпен афилирленген болуы шарт, ал келесі шеті – заңнамалық билік төңірегінде қалыптастырылған органдар. Механизмдердің көбісі осы екі шеттің ортасында.

Соған қоса осы шоланда іс жүргізушілік құзырдың көлемі де қарастырылған, демек үрдіс кезеңдері, іс санаттары және аталған органдардың жауапкершілігіне жататын міндеттемелер, сондай-ақ бұл шолу тергеудің тиімділігін қамтамасыз етудің белгілі әдістерін көрсетеді және басқа да критерийлерінің мәнісін ажыратады.

53. Полицияға немесе басқа да құқық қорғау ведомстваларына қатысты сырттай, бірақ үкіметпен немесе жоғарғы азаматтық министрлікпен афилирленген орган жасақтау үлгісінің мысалы ретінде Полицияға шағымдануларды қарастыру бойынша Тәуелсіз Комиссияны, айтуға болады, ол Англияда және Уэльсте бар (Біріккен Әмірлік ішіндегі жеке юрисдикцияға ие орган ретінде қызмет етеді). Ол Полицияны реформалау туралы Заңға сай құрылған және өзінің қызметін 2004 жылы бастады. 2006 жылы оның қызмет аясы Табыс қызметі мен Кеден қызметіне дейін кеңейтілді, сондай-ақ Ұйымдастырылған ауыр қылмысқа қарсы Агенттікті де атауға болады, 2008 жылдан бастап – Ұлыбританияның Шекара қызметі де қосылды. Қазіргі уақытта оның заңнамалық қоры Полицияны реформалау туралы Заңмен және 2011 жылғы Әлеуметтік жауапкершілік туралы заңмен толықтырылды.

Комиссияға төраға басшылық етеді, оның атқару қызметтері жоқ. Оған 10 операциялық және екі атқару мүшелері кіреді, сондай-ақ олардың орынбасарлары жатады. Жалпы таралатын құзыры бар және Тәж номенклатурасы болып табылатын Төрағаны формалды түрде ашық конкурс нәтижелері бойынша Ішкі («Үйлік») Департаменттің (Home Office) Хатшысы («жетекшісі») тағайындайды. Комиссарлар, төрағаның Орынбасарын қоса алғанда лауазымды тұлғалар болып саналады және оларды Ішкі Департамент Хатшысы сайлайды. Тағайындаудың міндетті шарты бұрын полицияда қызмет етпеуі немесе басқа да ұқсас қызметтер атқармағандығы болып табылады. Комиссия мүшелері (Комиссарлары) аймақтық кеңселер бойынша бөлінген және соларға жетекшілік етеді. Оларға тиісті полиция бөлімшелері және тақырыптық қызметтер берілген. Комиссия құрылымында 400 жуық қызметкерлер бар, олардың жұмысын атқарушы бастық және директорлар ұйымдастырады.

¹⁰³ M. De Boer, R. Fernhout, Policing the Police. Police Oversight Mechanisms in Europe: Towards a Comparative Overview of Ombudsmen and Their Competencies. Background Report for the Asia-Europe Foundation; 2008, 3-бет: www.asef.org/images/docs/1270-Police_Oversight_Mechanisms_in_Europe.pdf

¹⁰⁴ Осылайша бұл қорытынды әкімшілік-басқарушылық, ведомствалық, норма шығарушылық және басқа да шаралар мен тиісті механизмдерге негізделген.

Комиссия құзырына тиісті органдардың қызметкерлері тарапынан болатын оқиғаларды, арыз-шағымдарды және растамаларды тергеу жатады, мысалы өлім немесе ауыр дене жарақаттары орын алатын оқиғалар болса; көлемді және ұйымдастырылған жемқорлықты тексеру; жоғарғы офицердер ісін тергеу; ұлтқа бөліну туралы мәліметтерді тергеу; соттың әділдігіне кедергі болу әрекеттерін тергеу жатады. Полиция органдарында және басқа құқық қорғау ведомстваларында Комиссияға барлық оқиғалар мен қылмыстар туралы мәлімдеме жасап отыру міндеті бар.

Тергеулер арыз-шағымдар бойынша да, Комиссия бастамасы бойынша да жүргізіледі. Тергеу үшін және іс жүргізу үшін (оқиғаның, іске қатысты қызметкерлердің сипатына және басқа да факторларға байланысты) мынадай әдістердің қолданылуы мүмкін: «тәуелсіз тергеу» - комиссардың жетекшілігімен (бақылауымен) және Комиссия күші арқасында, онда полицияның барлық құзыры бар; «басқарылатын тергеу» құқық қорғау бөлімдерінің кәсіби стандарт департаменттері (жеке қауіпсіздік қызметі) Комиссия жетекшілігімен орындайды; «қадағалаудағы тергеу» кәсіби стандарт департаменттерінің бақылауы мен өзіндік жетекшілігі арқылы Комиссия нұсқауларына сай атқарылады; «жергілікті тергеу» полиция қызметкерлері дербес атқарады, нәтижелеріне қатысты Комиссияға шағым жасауға болады.

Тергеулер бірнеше қағидаттарға сай жүзеге асырылады, оларға икемділік (керек болған жағдайда тергеу санатын тергеу барысында өзгерту); тәуелсіздік пен тергеуге тартылғандардың барлығының мүдделерінің нұқсансыздығын қамтамасыз ету; дәлелдемелерге ғана негізделген шешім қабылдау жатады.¹⁰⁵

Осындай үлгінің мысалы ретінде Оңтүстік Африканың Арыздар бойынша Тәуелсіз Директоратын атауға болады, ол 1997 жылы құрылды және Полиция Қызметіне тәуелсіз үкіметтік департамент болып табылады.

54. Биліктің құрамы мен теңестірілген өкілдігінің әр түрлі тармағы тұрғысынан қарағанда Франция таңдаған үлгі де қызықты. Онда әрекет ететін Қауіпсіздік Этикасы бойынша Ұлттық Комиссия дербес мемлекеттік орган болып табылады, ол елдің Президенті сайлайтын Төрағадан, екі сенатордан және парламенттің жоғарғы және төменгі палаталарының екі депутатынан тұрады; Жоғарғы Сот Төрағасы және біріккен түрде Прокурор болып сайланатын соттан; Мемлекеттік кеңес тағайындайтын бір мүшеден және аудиторлар алқасының бір мүшесінен тұрады. Олардың барлығы өз кезектерінде Комиссияға тағы алты мүше таңдай алады. Комиссия мүшесі болу мерзімі алты жыл. Бұл орган «6» маусымдағы 2000 жылғы заңға сай қызмет етеді.

Оқиғаны, арызды қарастыруды бастау үшін үкіметтің, депутаттардың жолдамалары керек болғанымен, оның құзырына жататын органдар қатарына назар аудару керек. Оған ұлттық полиция және жандармерия, пенитенциарлық ықзмет, кеден, муниципалдық полиция және құқық қорғау қызметтерін жүзеге асыратын басқа да бірқатар қызметтер. Соған қоса бұл Комиссияның жеке компаниялардың күзет және сол сияқты қызметтерін қадағалауға құзыры бар.

Тексеру (тергеу) нәтижелері бойынша Комиссия қылмыстық қудалау, тәртіптік және басқа да шаралар қолдану туралы шешім қабылдайды.¹⁰⁶

55. Кейбір елдер мамандандырылған тергеу-прокурорлық бөлімшелер қалыптастыру жолын да таңдаған. Оларға тәуелсіздік және әділеттілік атрибуттарын берудің қажет екендігін ескере отырып дербес ведомстваларға бөлінетіндігін аңғаруға болады.

¹⁰⁵ www.ipcc.gov.uk/en/Pages/default.aspx қараңыз

¹⁰⁶ www.cnds.fr қараңыз

Осылайша, Норвегияда 2005 жылдан бастап полиция істерін тергеу жөніндегі Бюро құрылған, ол полиция жүйесінен тыс, прокуратурадан да тыс. Әкімшілік тұрғыда бұл бюро әділет Министрлігіне есеті болғанымен автономды болып саналады. Оның тек тергеп қана қоймайтындығын, соған қоса полиция қызметкерлері мен басқа құқық қорғау бөлімшелерінің қызметкерлеріне қатысты қылмыстық істерге прокурорлық міндеттер атқаратындығын да атап айту керек, соның ішінде олардың әрекеттері салдарынан орын алған өлім жағдайы немесе дене жарақаттары бар. Бюроның екі аймақтық бөлімшелері бар. Онда 26 адам жұмыс жасауда.¹⁰⁷

Дәл осы идеяға Голландия үлгісі негізделген, онда Арнайы мемлекеттік қылмыстық тергеу департаменті бар, оның аймақтық бөлімшелері мен айыптауды қолдау бойынша прокурорлық құзыры жоқ. Бұл механизмнің зхалықаралық құқықтық талаптарға сәйкестігі АҚЕК талаптарына сай қарастырылған, ол осы органды істі тергеудің ең бастапқы кезінен бастап үрлдіске араластыру қажет деген мәселені көтерді (бастапқы тергеу амалдарын полиция орындаған) және оларға прокурорлық бақылау жасаудың тәуелсіз болуын алға тартты (полиция қатысты болып табылатын әкімшілік бірліктің прокурорының көмекшісі бақылауды жүзеге асырған). Осы төңіректе Голландтық билік осындай істерді тергеу, тексеру үрдістері барысына тиісті өзгертулер енгізді. Мәселен, тергеу және басқа да әрекеттерді аталған департамент оқиға орын алғаннан кейін бірден атқара бастады немесе ақпарат түскен сәттен бастап тергеледі. Полиция құрылымдары аталған әрекеттерді орынодай алмайды. Олардың міндетіне тек оқиға орын алған жерді күзету мен Департамент тергеуді бастағанға дейін куәгерлерді есепке алу жатықылған. Тергеуге жетекшілікті басқа территориялық бірлік басшылары жүзеге асырады.¹⁰⁸

56. Осы бағытта (жеке тергеу және прокурорлық органдар жасақтау) кеңес кезеңі елдерінің бірқатарында жүйе қалыптастырылу үстінде. Мысалы Молдавияда 2010 жылдың мамырынан бастап Бас прокуратураның зорлық-зомбылық пен азаптау істер жөніндегі жеке бөлімі қызмет жасап келеді, ол тиісті орындардағы прокурорлар жұмысын ұйымдастырады (өздерінің қызметтік міндеттемелері бойынша полиция органымен байланысты болмауы керек), жеке түрде де тергеу амалдарын жүзеге асырады. 2011 жылы ол зорлық-зомбылық пен қатыгездік белгілері бойынша 958 хат пен шағымды тексеру бойынша жұмыс атқарды, аталған құқық бұзушылықтар құқық қорғау органдары тарапынан болған (пенитенциарлық қызметті қоса алғанда), оның 108 тергеуге және қылмыстық іс қозғауға алынды, 36 қылмыстық іс отқа жолданды.¹⁰⁹ Интенсификациясына қарамастан тергеу прокурорлық қызметінде осы бөлімшенің прокурорлық жүйе қарамағында қалуы шешілмеген мәселе күйінде қалып отыр, бұл құқық қорғау құрылымдарымен байланысты дегенді білдіреді.

Арменияда 2008 жылдан бастап жеке арнайы тергеу қызметі ұйымдастырылған, ол жоғары лауазымды тұлғаларға қатысты қылмыстық істерді де, азаптауға қатысты істерді де қарастырады, соның ішінде полиция және басқа да құқық қорғау органы қызметкерлерінің әрекеттері де бар. Оның штатының аз болуына байланысты (небәрі 25 жедел қызметкерлер) қылмыстың осы түріне байланысты түскен арыз-шағымдар мен хабарламалар бойынша тергеуге дейін орындалатын амалдар мен тексерулердің көпшілігін әлі күнге дейін полиция атқарып келеді. Қазіргі уақытта Арменияда жаңа қылмыстық іс жүргізу кодексі дайындалу үстінде, онда тергеуге дейінгі кезең алынып тасталмақ, сәйкесінше бұл осындай барлық тергеулердің тек осы қызметтің қарауына берілуін қамтамасыз етеді, бұл осы қызметтің мүмкіндіктер аясын кеңейтуді талап етеді. Бірақ, құқық қорғау ведомствасы ретінде қала отырып бұл қызметтің әділдігі мен тәуелсіздігіне қатысты күмән туындауы мүмкін. қазіргі

¹⁰⁷ www.spesialenheten.no қараңыз

¹⁰⁸ *Рамсахай және басқалар Нидерландыға қарсы*, «15» мамырдағы, 2007 жылғы шешім, 257-267-тармақтар.

¹⁰⁹ Ақпарат Еуропалық Кеңес пен азаптауға және жазасыздыққа қарсы күрес жөніндегі Еуропалық одақтың бірлескен аймақтың жобасының деректеріне негізінделген, оның үздік кеңесшісі осы қорытындының автоы болып табылады.

уақытта Арменияда қылмыстық іс жүргізу кодексінің аталған реформаларына қосымша ретінде Полицияның Тәртіптік Комитеті туралы Ереже жобасы дайындалған, онда транспаренттілік элементтері қарастырылған, соның ішінде оның құрамына азаматтық қоғам мүшелерін қосу да бар, мүшелерді үкімет конкурстық іріктеу (полиция тағайындамайды) арқылы сайлайды.¹¹⁰

57. Билік құрылымдарымен және құқық қорғау органдарымен байланысты барынша ажырату жолымен тәуелсіздікті қамтамасыз ету үшін тұтастай алғанда тиісті органдарды және механизмдерді қандай да бір дәрежеде биліктің заңнамалық тарамымен байланыстыратын үлгілердің таңдалуы кең тараған.

2007 жылы Венгрияда Полиция туралы Заңға өзгертулер енгізілген, сол өзгертулерге сай Полицияға қарсы шағымдар бойынша Тәуелсіз Комитет жасақталды. Оның құрамына негізгі құқықтарды қорғау саласы бойынша жұмыс тәжірибесі жеткілікті бес заңгер болып табылатын бес мүше енеді. Оларды Парламент алты жыл уақытқа сайлайды және бірлескен түрде Адам құқықтары жөніндегі Комитет пен Құқық қорғау қызметі бөлімдерінің мүшесі болу ұсынылады. Шағымдар бойынша тәуелсіз Комитеттің Секретариаты Парламент секретариатының құрамдас бөлігі болып табылады. Комитеттің құзырына негізгі құқықтарды бұзуға және адам бостандығын полицияның негізсіз шектеуіне қатысты ақпараттар мен шағымдарды тексеру, тергеу жатады, қылмыстық іске қатысты жағдайларды санамағанда. Өзінің жүзеге асырған тергеу амалдарының қорытындылары бойынша Комитет шешім қабылдайды, ол полиция қызметінің Басшысына жолданады, ал ол өз кезегінде екі апта ішінде атқарылған шаралар туралы мәлімдеме жасайды. Барлық шешімдер Комитеттің веб-сайтында жарияланады.¹¹¹

Венгерлік механизмге қарағанда – оның құзыры шектеулі, Бельгиялық үлгіде арыздарды алғашқы қарау органыны қызметтің тиімділігін парламенттік бақылау мен тергеуді қадағалауды біріктірген, соның ішінде қылмыстық іс жүргізу, құқық қорғау органдары қызметкерлері тарапынан құқық бұзушылық та бар. 1991 жылдан бастап Бельгияда Полиция Мониторингі бойынша Тұрақты Комитет құрылған, ол Парламентке бағынышты. Оның механизміне бес мүшеден және Төрағалар Палатасы бес жылға сайлайтын бес орынбасардан тұратын Комитет (екінші мерзімге қайта тағайындау мүмкіндігі бар) пен оған қарасты Тергеу департаменті жатады. Оның құзыреттерінің саласына полициядан басқа, құқық қорғау қызметтері мен тергеу амалдарын жүзеге асыратын басқа да бөлімшелер жатады (кеден, қаржы министрлігінің бөлімшелері, табиғатты қорғау полициясы және т.б.).

Комитет жанындағы тергеу департаменті қызметкерлер жіберетін олқылықтар мен олар жасайтын қылмыстарды тергеу жөніндегі (жеңіл қылмыстарды) құрылымдық бөлім болып табылады. Олар барлық тергеу амалдарын жүзеге асырады. Басқа (жалпы қылмыстық сипаттағы) істердегідей іс жүргізушілік бақылау мен тергеуге жетекшілік етуді сот-магистраттар атқарады. Департаментті бастық басқарады және оның екі орынбасары басқарады, оларды бес жылға Комитеттің өзі тағайындайды. Онда отызға жуық қызметкерлер бар. Қылмыстық іс жүргізу құзырынан бөлек тергеу Департаментінің полиция қызметіне, бөлімшелеріне және жекелеген жұмыскерлеріне жалпы тексеріс те жүргізе алады, олардың нәтижелері бойынша Комитет арқылы олардың жұмыстарын жақсартуға, басқарушылық және өзге шараларды атқаруға бағытталған ұсыныстар жасалады.¹¹²

58. Атап өткендей, қазіргі уақытта органдар мен үлгілер сан алуан, олардың өзіндік ерекшеліктері мен жұмыс әдістерінің үйлесімдері бар. Швецияда ведомствалық және басқа да органдарға қосымша ретінде Парламенттік институт құрамында төрт Омбудсмен бар, оларды төрт жылға Парламент сайлайды, олар қылмыстық істер бойынша да, тәртіптік және

¹¹⁰ Алдыңғы сілтеуішті қараңыз.

¹¹¹ www.panasztestulet.hu қараңыз

¹¹² www.comitep.be қараңыз

әкімшілік жауапқа тарту істері бойынша да тергеу амалдарын атқаруға қоса айыптаушының қызметін де атқара алады.¹¹³ Ирландияның тәуелсіз жарғылық органы Омбудсмендік Полиция Комиссиясы (Garda Síochána) шет елдік мамандарды қатыстыру (тергеушілер шақыру) тәжірибесін енгізді.¹¹⁴

Осылайша, негізгі үлгілердің ұсынылған шолуы элементтер жиынтығын анықтауға, институционалдық тәуелсіздікті қамтамасыз ету амалдарын анықтауға, қоғамды қатыстыру үлгісін анықтауға мүмкіндік береді, бұлардың Қазақстандық жағдайда зорлық-зомбылық пен адам құқықтарын басқаша бұзуды зерттеу тиімділігінің критерийлерін қамтамасыз етуге ықпал жасай алатындығы сөзсіз, нәтижесінде қоғам тарпынан құқық қорғау және тұтас алғанда мемлекеттік құрылымға сенім артады.

2013 ж. Ақпан

¹¹³ www.jo.se/en/About-JO/The-Parliamentary-agency қараңыз

¹¹⁴ www.gardaombudsman.ie/gsoc-garda-ombudsman-faq.htm қараңыз